Республикалық жастар газеті

Ақмешіт ЖАСТАРЫ

6+

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

№12 (549)
21 наурыз,
2024 жыл

...Мен жастарға сенемін!
Мағжан



ҚОШ КЕЛДІҢ, ӘЗ-НАУРЫЗ!

Қытымыр қыстағы қалың қардың сықыры, суықтың сызы кетіп, жер-дүниенің жаңарып, табиғаттың түрлене түсетін мерекесі – Наурыз. Ырыс көбейеді деп ырымға жоритын халқымыз наурыз айын ерекше айшықтап, «Ұлыстың ұлы күні» деп атау берген. Бауырмалдық пен бірліктің байлыққа бергісіз бағасы бағамдалатын ай да Наурыз. Аузы аққа тигеніне, малдың төлдегеніне мейлінше қанағат етіп, қуана алатын халықтың жасар тойы да бөлек, думаны да ерекше. Ұлыстың ұлы күніне орай Сыр өңірінде 700-ге жуық, ал Қызылорда қаласында 100-ден аса мерекелік шара өткізілмек. Тіпті төл мерекені тойлау басталып та кетті.

– Бүкіл Шығыс халқына ортақ, сан ғасырлық тарихы бар Наурыз мейрамы – жаңарған қазақ елінің кешегісі мен бүгінін, ертеңі мен болашағын жалғастыратын басты мерекеміз. Биылғы мерекелік шараларда ҚР Президенті Әкімшілігі тарапынан бекітілген тұжырымдаманы және ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі тарапынан берілген ұсыныстарды басшылыққа алып, жұмыс атқарылуда. Төл мерекемізді тойлаудың жаңа дәстүрін қалыптастырып, оның мазмұнын идеологиялық мәнмен байыту үшін жыл сайын 14 – 23 наурыз аралығында өткізілетін Наурызнама онкүндігін жариялап, оның әр күнін белгілі бір тақырыпқа арнадық. Қалаға қарасты кент, ауылдық округтерде, қаланың барлық шағын аудандарында, білім, спорт, мәдениет ошақтарында түрлі сипатта шаралар өткізіледі, – деді қалалық мәдениет және спорт бөлімінің басшысы Жағыпар Тажмаханов.

4-бет

ДӘСТҮР МЕН ДІН

БАБАЛАР ІЗІМЕН ДӘРІПТЕЛЕДІ

Күллі мұсылман асыға күтетін ізгілік пен мейірім айы – Рамазанның алғашқы онкүндігі де өтті. Айлардың сұлтаны саналатын бұл уақыт аралығында адамзат баласына қасиетті Құран түскен. Нәпсі тәрбиеленіп, күнәлар кешірілетін осы мерзімде мың айдан да қайырлы Қадір түні бар. Сондықтан да Алланың мейірімінен үміт ететін, жалған дүниенің сынақ екенін сезінетін жандар Рамазанды жай күндердей өткізбеуге тырысады.

СУХУР ЕМЕС – СӘРЕСІ, ИФТАР ЕМЕС – АУЫЗАШАР

Жастардың арасында да ғибадатқа бейқамдық танытпай, ораза ұстап, ішіп-жеуден бөлек зиянды әдеттен тыйылып, «өзін жеңетіндердің» көбейгені қуантады. Тек кейінгі буынның сөздігінде сәресінің сухурға, ауызашардың ифтарға айналып кеткені алаңдатуда. Бұл мәселеге Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы арнайы тоқталды.

2

ТҰТЫНУШЫ ҚҰҚЫҒЫ ҚАЛАЙ ҚОРҒАЛАДЫ?

Қызылорда облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментіне өткен жылы 368 өтініш түскен. Ал биыл қаңтар-ақпан айында департаментке 82 өтініш келіпті. ҚР Сауда және интеграция министрлігінің Қоғамдық кеңесінің отырысында тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің төрағасы Асқар Тынысбеков республика көлемінде 2023 жылы 50 866 өтініш қаралғанын, бұл өткен жылмен салыстырғанда 168,6%-ға өскенін баяндады.

ТАРИХ ТАҚТАСЫ

15 наурыз – дүниежүзілік тұтынушылар құқығын қорғау күні. Алғаш рет 1983 жылдың 15 наурызында атап өтіліп, халықаралық күнтізбеде бекітілген. Наурыз айындағы атаулы күн туралы түрлі дерек бар. Солардың бірінде АҚШ Президенті Джон Ф.Кеннедидің 1962 жылы Конгресте сөз сөйлеуінің құрметіне бекітілді делінген. Президент баяндамада тұтынушының негізгі төрт нәрсеге - қауіпсіздік, ақпарат алу, таңдау, тыңдау құқығы барына назар аударткан.

Жыл сайын Дүниежүзілік тұтынушылардың құқықтарын қорғау күні белгілі бір ұранмен өтеді, бұл басты проблемалы бағыттарға назар аударуға мүмкіндік береді. Мәселен, 2023 жыл «Таза энергияға көшу арқылы тұтынушылардың мүмкіндіктерін кеңейту» деп жарияланды. Ал осы жылы жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін ескере отырып, «Тұтынушылар үшін әділ және жауапты жасанды интеллект» ұранымен өткізу туралы шешім қабылданды.

3



Белгілі бір аудиторияға арналған жарнаманың бұл түрі туралы әлеуметтік желіден күнделікті естиміз. Кәсіпкерлер қазір таргетсіз жұмыс істемейді. Интернетте де нағыз табыс көзіне айналған бұл қызметті үйренгісі келетіндер көбейген. Бұған не себеп екенін және таргетинг ұғымын бірге талқылап көрейік.

Таргет – мақсатты аудиторияға арналған интернет маркетинг. Барлығына бірдей жарнамаланбайды. Тек таңдаулы тауарға сұраныс білдіргендер үшін ғана көрінеді. Facebook және Instagram желілері арқылы таргет шығару сұранысқа ие. Жалпы тілмен айтқанда, кәсіпкер мен тұтынушы арасындағы «алтын көпір». Таргетті оқу құны жоғары, себебі құйған ақшаңыз еселеніп қайтады. Дегенмен таргет әлемнің қай жерінде болсын сіздің өніміңіздің жариялануын қадағалайды. Төрткіл дүниенің түкпірінен сіздің өніміңізге деген сұраныстың артуы әбден мүмкін.

3-бет

ҰЛТТЫҚ СПОРТ: ҚАЗАҚ ОЙЫНДАРЫНЫҢ ҚАСИЕТІ

Ұлттық ойындар – ерте заманнан қалыптасқан дәстүрлі ойын-сауықтардың бір түрі. Оның бастауы тым тереңде, ғасырлар қойнауында жатыр. Оған қоса қазақ ойындары өскелең ұрпақты тәрбиелеудің тиімді тәсілі.

Әрбір халықтың тарихына, өмір тіршілігіне, салт-дәстүріне қатысты ұлттық ойындары болады. Қазақ халқының да салтында бар, санасына сіңген ұлттық ойындары аз емес. Негізінен басым көпшілігі аңға, төрт түлікке байланысты туындаған ойындар зеректікті, ептілікті және икемділікті қажет етеді.

Этнограф ғалымдардың пайымдауынша, ата-бабаларымыздан бізге жеткен ұлттық ойындарымыздың тарихы Қазақстан жерінде біздің заманымыздан бұрынғы бірінші мыңжылдықта-ақ қалыптасқан. Олардың ішінде тоғызқұмалақ, қуыршақ, асық ойындары Азия елдерінде тайпалық одақтар мен алғашқы мемлекеттерде кеңінен тараған. Біздің қоғамымыздағы ұлттық ойындардың негізгі шығу тегі халқымыздың көшпелі дәстүрлі шаруашылығынан бастау алады.

7

Басы 1-бетте

ДӘСТҮР МЕН ДІН
бабалар ізімен дәріптеледі

– Ата-бабалардан бізге жеткен, дініміз Исламмен сабақтасып кеткен салт-дәстүрлеріміз бар, Құдайға шүкір. Соны сақтап қалу мақсатында көп жұмыс атқарылуда. Жақында «Бабалар ізімен: Қазақ даласындағы мұсылмандық мектеп» деген кітап жарық көрді. Бізге Ислам қашан келді, оны бабаларымыз қалай ұстады, қандай бағытта жүрді? Осының барлығы сол еңбекте көрсетілген. Дәстүрдің құндылығы аясында оразаға қатысты дүниелерді айттық. Мысалы, оразаға қатысты сырттан келген сөздер бар. Сәресін біз сәресі деп келдік, кейбір жастарымыз оны сухур деп атап кетті, –дейді Наурызбай қажы Тағанұлы.

Сондай-ақ ифтарды ауызашар деп айтуға үндеп, өз құндылығымызды, тіліміздің дәріптеуге шақырды.

Қанша ғасырдан бері құлаққа сіңісті болған сәресі, ауызашар деген сөздерді өзгертіп айту басқа елдің мәдениетіне еліктеу екені сөзсіз. Өр мінез, өжет батырлығымен ел арасында «Қабан ақын» атанған Қабылиса жырау: «Бақыт қайда барасың? – Тарауих намаз оқыған, Көңіліне аят тоқыған, Ниетті елге барамын. ...Сәресі, сахар ішетін, Хақ жолына түсетін, Сәресі ішуге барамын» демей ме?

Тіпті араб тілінен енген – МашАллах, ИншАллаh, СубханАллаh деген сөз тіркестерінің де Аллаға шүкір, Алла қаласа, Алла сақтасын деген қазақша баламасы бар.

Алла Тағала Құран Кәрімнің «Рум» сүресінде тілдердің әр алуандығының өзі Алланың белгілерінен екенін айтады. Белгілі бір ұлттың өкілі болып жаратылуымыз Жаратқанның хикметі екендігін мына аят дәделдей түсетіндей: «Ей, адамдар! Расында Біз сендерді бір ер және бір әйелден жараттық. Және де бір-біріңді тануларың үшін ұлттар мен ру-тайпалар еттік. Анығында сендердің ең қайырлыларың тақуаларың. Алла бәрін білуші, хабардар» («Хужурат» сүресі, 18-аят).

Олай болса, Ислам діні ұлт, ру, халық, тіл ұғымдарын жоққа шығармайды. Пайғамбар (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) хадисінде «Әр халыққа өз тілінде сөйлеңдер» деп келеді.

Демек әр елдің тілінен жаңа сөз қоса бермей, қазақша баламасымен атағанымыз жөн секілді. Себебі Ислам діні араб болуға емес, мұсылман болуға үндейді.

Бір ай ғана емес...

Жастар мен жасөспірімдердің ізгілік жолын ұстануға тырысқаны, арзан ойын-күлкіге емес, естілікке ұмтылғаны қуантады, әрине. Дегенмен оразаға дайындықсыз келетіндер, ауызашардан кейін ойын ойнап, ғибадатқа жеңіл-желпі қарайтындар бар. Бұрынғылар секілді Рамазанға рухани дайындалып, өзін көп дүниеден тыйып, жақсы әдетті осы айда қалыптастырсам деген ниетпен бастаса, қанекей.

Қазір мектеп оқушыларының арасында ауызашарға жиналуы, садақа береміз деп ата-аналарынан ақша сұрауы кездесіп қалады. Басқаларға көмектессем деген ниет жақсы болғанымен, садақаны ата-анадан сұрап емес, өз еңбегіңмен тапқан кезде беруді насихаттау керек секілді.

Рамазан – Алланың мұсылман жұртына жасаған үлкен тартуы. Пайғамбарымыз бір сөзінде: «Кім рамазан айының оразасын шын иман және ықыласпен ұстаса, оның бұрын істеген күнәлары кешіріледі», – деген. Жаратушы пендесінің бүкіл күнә-кемшілігіне қарамастан, рақым нұрын төгетін бұл ай рухани жаңару, тазару уақыты.

Бұл дүниенің соңы болатыны, жасаған жақсылығың мен жамандығың, оң немесе теріс ниетің, кішіпейілдігің мен тәкаппарлығың сарапқа салынатыны ақиқат. Демек ораза иманнан туындайды.

Осы айда мұсылман адам күнәдан алыс жүріп, жанжал туындаса «мен оразамын» деген бір ауыз сөзбен өзін сабырға жеңдіреді. Он бір ай төпелеп келген нәпсіні тізгіндеп, құлағы мен көзін де жамандықтан тыяды. Тоңазытқыш толы тамаққа, бір жұтым суға қол соза алмай, Жаратушының алдында қаншалықты әлсіз құл екенін сезіне түседі.

Құдси хадисте Алла Тағала: «Аузы берік адам ішіп-жеуін тек менің ризалығым үшін доғарды. Ораза – Мені мен құлымның арасындағы риясыз ғибадат. Оған берілетін сый-сауапты Мен ғана өлшеп, Мен беремін. Аузы берік құлымның аштық пен шөлдеуден шыққан ауыз иісі Мен үшін миск әтірінен де тамаша», – деп оразаның зор сауабынан хабар беріп сүйіншілеген.

Өз сөзіңе қарауыл қойып сөйлеу, көркем мінез бен жақсы әдет Рамазаннан кейін де жалғасса тіпті керемет. Бұл туралы исламтанушы Абылай Кенжалы «Рамазанның өткеніне бір апта болды. Осы аралықта әрбір дүйсенбі-бейсенбі еш қиналмастан ораза ұстап, таң намазына жарты сағат, тіпті бір сағат қалғанда оянып, тарауих секілді ұзақ нәпілдерді қарапайым күндері де оқып, жұмысымыз қанша жерден қарбалас болса да, құранға уақыт таба алатынымызды, бос әңгіме, музыка, өсек-өтіріксіз өмір сүруге болатынын түсіндік. Рамазан – күнделікті құлшылық амалдардың жеңіл екендігін ұғындыру үшін келген ай. Рамазан – қай жағдайда болсын нәпсіні тәрбиелеуге болатындығын түсіндіре білген ай» деп жазды.

Демек әдепті сөз, жақсы амалымыз бір аймен шектеліп қалмасын, бір ғұмырға ұлассын. Бұл ай әр адамның рухани тазарып, толысатын айы болсын.

Айдана ЖҰМАДИНОВА

РАМАЗАНДАҒЫ ӘДЕП:
ауызашарда ғана қонаққа дәм ұсынайық

Ислам дінінің бес парызының бірі – Рамазан айының күндізінде ішіп-жеуден тыятын ораза ұстау екені иісі мұсылманға аян. Алла Тағала Құран кәрімде «Бақара» сүресінің 183-аятында: «Уа, иман келтіргендер! Өздеріңнен бұрынғыларға парыз етілгендей сендерге де ораза ұстау парыз етілді. Бәлкім, сол арқылы (асау нәпсіні тізгіндеп), күнә атаулыдан сақтанып, тақуалыққа жетерсіңдер» деп, кітабым Құран деген мұсылман үмметіне Рамазан айында ораза ұстаудың парыз екендігін айтса, Пайғамбарымыз Мұхаммед (Алланың оған игілігі мен сәлемі болғай): «Ислам бес нәрсеге негізделген: (Алла Тағаладан басқа тәңір жоқ, Мұхаммед Оның құлы, әрі Елшісі деп) куәлік ету, (күніне бес уақыт) намаз оқу, (рамазан айында) ораза ұстау, (негізгі қажеттіліктерінен артылған байлығы шариғат бекіткен мөлшерге жетсе, жылына бір мәрте) зекет беру және (денсаулығы жақсы болып, қаражаты жетсе өмірінде бір мәрте) қажылыққа бару» деп, оразаның мұсылман дінінің бір шарты екендігін нақтылаған.

Әртүрлі себептермен ағайын-туысқа, көрші-көлемге, жақын-жуыққа, дос-жаранға т.б. жанымызға жақын жандарға дастарқан жайып, түрлі ас дайындап ұсыну қазақ халқының қанына сіңген мұсылмандық ізгі қасиет. «Ағайын торқалы тойда, топырақты өлімде» деген тәмсіл осыдан қалған. Бұл дәстүр туыстық қарым-қатынасты, бауырмалдық жанашырлықты арттыратыны сөзсіз. Бар тәттісін қонағына сақтаған, көптен қонақ шақырмаса көңілі көншімей, құдайы қонақ келсе «сауабынан құр қалмайын» деп ойланбастан астындағы жалғыз атын да пышаққа тапсыратын халықтың ұрпағымыз. Аллаға шүкір! Мұның барлығын Алла разылығы үшін деген ниетпен жасайтын болғандықтан «құдайы ас», «құдайжолы» немесе «садақа» деп атау бергенбіз. Бұдан бөлек түрлі қуанышты себептермен той жасап, Алланың берген нығметіне шүкірлік ниетімен шалынған малды ағайын-туыстың бір дастарқан басында бас қосып бөліп жеуі де өз алдына бір тағылымды дәстүріміз.

Осындай игі ниетпен рамазаннан өзге он бір айдың кез келген уақытында халыққа дастарқан жайып, ас ұсыну тек сауап әкелетін ізгі іс. Ал Рамазан айына келсек, жоғарыда атап өткеніміздей, күндіз ішіп-жеуден тыйылу – Жаратқанның бұйрығы. Құран кәрімде «Бақара» сүресінің 187-аятында: «...Әрі таңның ақ жібі қара жіптен анықталғанға дейін жеңдер-ішіңдер, кейін оразаны кешке дейін ұстап аяқтаңдар...», – деп, осы екі аралықта, яғни, күндіз ішіп-жеуден тыйылу нақты аятпен әмір етілген. Аяттағы ақ жіп – көкжиектен созылып көрінетін таңның атуы. Ал қара жіп – түннің қараңғылығы. Таң мен кешті жіпке теңеуінің себебі – созылып жіп сияқты болып көрінуінен. Мұсылман үмметі Жаратқан Хақтың бұйрығына мойынсынады, құрметпен қарайды. Сондықтан Рамазан айының күндізгі уақытында халықты жиып ас ұсыну Алланың кітабы – Құран аяттары мен ардақты пайғамбарымыздың (Алланың оған игілігі мен сәлемі болғай) хадистерінде баяндалған Жаратқанның бұйрықтарына сай келмейді. Құдайдың жолы – шариғатқа сай келмесе ол асжиындарды «құдайы ас», «құдайжолы» немесе «садақа» деп атаудың да еш мәні қалмайды. Ал Рамазан айында халыққа таратар асымызды шариғаттың негізгі қайнар көздері Құран мен хадиске сай ауызашар уақытында ұсынсақ, нағыз құдай жолына лайық сауапты да ізгі іс болмақ.



Рамазан айында ораза ұстаудың сауабы жайында құдси хадисте: «Адам баласының оразадан басқа амалының барлығы өзі үшін. Ал ораза – Мен үшін, оның сауабын Өзім беремін. Ол өзінің тамағын, сусыны мен шаhуатын Мен үшін тыяды. Оның сыйын Өзім беремін», – деген. Бұл құдси хадисте басқа құлшылықтарға берілетін сауапты періштелер есептеп бере алатындығын, ал ораза ұстау Алланың құзырында ерекше құрметке ие құлшылық екендігін, ораза ұстаушыға берілетін қисапсыз сый-сауапты Өзі беретіндігі айтылады. Рамазан айында аузы берік жандарға ауызашар берудің сауабына келсек, Алла Елшісі (Алланың оған игілігі мен сәлемі болғай): «Аузы берік жанды ауызашарға шақырып тамақ берген кісі – ораза ұстаған адамның сауабындай сауапқа ие болады. Аузы берік адамның сауабынан да еш нәрсе кемімейді», – деген. Яғни, ауызашар дастарқанына қанша адам жиылса, соншалықты қисапсыз сауап ауызашар берген жанға да нәсіп болады. Рамазан айында жасалатын әрбір сауапты істердің еселенетіні жайында Пайғамбарымыз (Алланың оған игілігі мен сәлемі болғай): «Адам баласының барлық игі істерінің сауабы артады. Әрбір жақсылыққа он еседен жеті жүз есеге дейін сауап жазылады» деген. Игі істің шынайы ниетпен жасалғанын, рия мен мақтаныш араласпағанын, жұмсайтын қаражаттың адал жолмен келгендігін білуші Алла Өзінің кеңшілігімен сауаптарын әлденеше жүз еселеп береді. Оның үстіне хадисте: «Ораза ұстаған адамның ауыз ашқан сәттегі дұғасы кері қайтарылмайды, сөзсіз қабыл болады», – деп айтылғанындай, сіздің ауызашарға шақырып, жасап жатқан құрметіңізге аузы берік жанның міндетті түрде қабыл болатын батасын аласыз.

Құдайы ас берудің бір әдебі – таратын садақаны алаламай тең көтеріп, болмаса шай беріп, тым болмағанда нан ауыз тигізген.

Бірде сонау тоқсаныншы жылдары үлкендермен бірге мешітте алғашқы тарауық намазына келе алмаған бір ақсақалдың көңілін сұрап, Рамазан айымен құттықтап барғанымызда, әр барған сайын барын алдымызға қоятын әжеміз «нан ауыз ти» деп те айтпады. Мен балалықпен біз келе берген соң ренжіп қалды ма деп: «Бізге бүгін нан ауыз ти деп те айтпадыңыз ғой, ренжіп қалдыңыз ба?» дегенімде: «Құлыным-ау, неге ренжиін, қайта қуанамын ғой. Дастарқан жайып, «нан ауыз ти» демегенім, бүгін ораза басталды. Құдай Тағала Құранда «бұл айда күндіз ішіп-жеуден тыйыл» деп тұрса, құдайдың құлы бола тұра менің ол аятқа қарсы келіп ас ұсынуым күнә болады ғой» дегені бар еді. Міне, ишан-ахундардың көзін көрген, тәлімін алған дана кейуананың оразаға деген құрметі.

Сөз соңында, «Оразалымен оттас бол, имандымен жолдас бол» демекші аузы ашық, аузы берік деп бөлінбей, Рамазан айында Құран аяттары мен пайғамбар хадистеріне сай келмейтін күндіз ас беруді тоқтатып, халыққа ұсынар ас мәзірін қисапсыз сауапқа жеткізер, дұғалар сөзсіз қабыл болатын ауызашар уақытында беруге шақырамын.

Алла Тағала Рамазан айындағы дұға-тілектерімізді қабыл еткей! Әмин!

Жақсыбек қажы ӘБИҰЛЫ,
Жалағаш аудандық орталық «Иманқұл» мешітінің бас имамы

Басы 1-бетте

ТҰТЫНУШЫ ҚҰҚЫҒЫ ҚАЛАЙ ҚОРҒАЛАДЫ?

Заң

Тұтынушы – өз қажеттілігі мен жеке шаруашылығына пайдалану мақсатында тауар, өнім сатып алатын азамат немесе ұйым. Нарықтағы тауарды қолданатын адамдардың өз құқығы бар. Ол үшін 2010 жылдың 4 мамырында Тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін заң қабылданды.

2019 жылғы тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында тұтас және тиімді саясатты қалыптастыру мақсатында арнайы комитет құрылды. Еліміздің әр өңірінде аумақтық сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменттері заң талаптарын сақтау бойынша мемлекеттік бақылау функцияларын жүзеге асырады.

Қазіргі уақытта тұтынушылардың шағымдарын қарау мен шешудің үш сатылы жүйесі енгізілген. I кезең – сатушы және тұтынушы арасында реттеу, дауларды сотқа дейін реттеу субъектілері, II кезең − мемлекеттік органдар, III кезең – сот.

Тұтынушылардың негізгі құқықтарына не жатады?

Тауарды иеленуге еркін түрде шарт жасауға, өз құқығын қорғау мақсатында

құқықтық сауаттылығын арттыруға, сапалы, қауіпсіз тауар мен қажетті ақпарат алуға, тиісті де, тиісті емес те сападағы тауарды айырбастауға немесе қайтарып беруге, моральдық зиянды өтетуге заң тұрғысынан құқығы бар.

Қай салада шағым көп?

Нарықта қызмет көрсетудің түрі көп. Сапалы қызмет пен тауарды таңдау − маңызды жұмыс. Халық тарапынан келетін шағымдарға тоқталсақ.

Өткен жылы жүргізілген талдауда 181 өтініштің бөлшек сауда саласына байланысты екені анықталды. Атап айтсақ, сапасыз тауарды айырбастаудан, қайтарудан бас тарту, тұтынушыларды алдау, сапасыз тауар ұсыну фактілері анықталған. Шағымдардың 10,6 пайызы электрондық сауда, 2,4 пайызы қаржы саласына бағытталған. Қоғамдық тамақтандыру саласы бойынша сапасыз тамақ өнімдері туралы 32 өтінім, ал тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық қызметтері саласы бойынша 18, байланыс қызметіне қанағаттанбаған 12 азаматтан өтінім түскен.

Биылғы талдауға келсек, қаңтар-ақпан айының өзінде бөлшек сауда саласына 44 өтініш келген. Электрондық сауда – 10, тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық қызметтері саласы – 7, байланыс қызметі – 3, қоғамдық тамақтандыру саласы – 2, қаржы қызметіне де 2 өтінім түскен. Қалған шағымдарды басқа салалар құрайды. Шағымдардың негізгі сипаты: сапасыз тауарды айырбастаудан, қайтарудан бас тарту, 14 күн ішінде тиісті сападағы тауарды жеткізбеу, коммуналдық қызметтер үшін төлемді негізсіз есептеу, операторлардың бағасы, жарамдылық, сақтау мерзімдерін сақтамау және несие.

Нендей нәтиже бар?

Арыз жазылады, статистика жүргізіледі, құзырлы органдарға жіберіледі. Ал нәтижесі қандай?

Былтырғы арыз-шағым қорытындысымен 264 өтініш қанағаттандырылып, 26 өтініш түсіндіріліп, 75 өтініш басқа мемлекеттік органдарға жолданған. Нәтижесінде тұтынушыларға барлығы 8,1 млн теңгенің қаражаты қайтарылуына ықпал жасаған.

Республика бойынша Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті 43,3% жағдайда құқықтық көмек көрсетіп, 17,4% Әкімшілік құқық бұзушылық Кодексі шеңберінде басқа мемлекеттік органдарға қарастыруға жіберілген. Шағымдарды талдау нәтижесінде 63 бизнес субъектісі әкімшілік жауапкершілікке тартылып, жалпы сомасы 4,7 млн теңгеге айыппұл салынған. Сондай-ақ 618 бизнес субъектісіне ескерту беріліп, 169 талап қойылғанын нәтижесінде тұтынушылардың құқықтары 1 млрд теңгеден астам сомаға қорғалған.

Өңірлік департамент

Облыстық сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті тұтынушылар мен бизнес субъектілерінің құқықтары мен міндеттері туралы ақпараттандыру мақсатында акциялар, брифинг, ашық есік күндері, дәрістер, тікелей эфирлер тұрақты негізде ұйымдастырады. Облыстық департамент тұтынушылар көтерген мәселені заң аясында оң шешімін табу бағытында жұмыс жүргізеді. Сонымен қатар құқығы бұзылған тұтынушыларға заңдық тұрғыда тегін кеңестер беруге, сатушыларға наразылықтарды дайындауға, сотқа талап арыздар әзірлеуге әрдайым көмек беруге дайын. Бұл жөнінде Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында Қызылорда облысы бойынша Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің басшысы Ерқасым Сүлейменов хабарлады.

P.S Тұтынушылардың құқығы бойынша ұсыныс, шағым немесе сауалыңыз болса 711530, 711569 нөмері арқылы байланыса аласыз. Департаменттің мекенжайы : Қызылорда қаласы, Журба көшесі 12 үй.

Әлия ТӘЖІБАЙ

Отан алдындағы борышын өтеу – әрбір ер-азаматтың міндеті. Еліміздің шекарасын кірпік қақпай қорғайтын әскердің санымен қатар біліктілік сапасы маңызды. Сыр елінде наурыз айында мерзімді әскери қызметке шақыру науқаны басталады.

МЕРЗІМДІ ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРУ

Әскери қызмет – ер баланы темірдей тәртіпке, төзімділікке үйретіп, патриоттық сезімін арттыратын, қызығы мен қиыншылығы қатар жүретін орта. Облыста әскери қызметке шақыру бірінші наурыз күні басталған болатын. Көктемгі мерзімді әскери қызметке шақыру жұмыстары жөнінде Қызылорда облысының қорғаныс істері жөніндегі департамент бастығының орынбасары Жасұлан Шаңқұлов ақпарат алаңында баяндап берді.

Облыста 18-27 жас аралығындағы ер азаматтар еліміздің Қарулы күштерінде және басқа да әскери құрылымдарда Отан алдындағы борышын өтейді. Көктемгі мерзімді әскерге Қызылорда облысынан 850-ге жуық ер-азамат барады. Оның ішінде Шекара қызметінде 160-қа жуық, Қарулы күштер қатарында 410, Ұлттық Ұлан қызметінде 260-қа тарта, Мемлекетттік күзет қызметінде 15 азамат әскери борышын өтейді. Қазірдің өзінде шекара қызметіне аттандыру жұмыстары бойынша 80-ге жуық азамат әскери борышын өтеуге жіберілді, – деді Жасұлан Бөгенбайұлы.

Әскери қызметке шақыру жұмыстары маусым айына дейін жалғасады. Сарбаздардың мерзімді әскери қызметін өтеу кезінде несие мерзімін 1 жылға тоқтатуға, білім беру секторында жеңілдіктер беруге (ұлттық бірыңғай тестілеусіз жоғары оқу орындарына түсуге мүмкіндіктері бар), сондай-ақ олардың отбасы мүшелеріне коммуналдық қызметтерге ақы төлеу кезінде жеңілдіктер қарастырылған.

Әскери бөлімдерге елімізді қорғауға қабілетті, денсаулығы мықты, дене бітімі шыныққан, сауаты жеткілікті, моральдық-іскерлік қабілеті жоғары азаматтар аттанады.

Мақсат ҚОСЫМБАЙ

Таргет туралы түсінік

Басы 1-бетте

– Жалпы таргет бизнесі енді дамып келе жатқан кәсіпкерлер үшін тиімді. Бірақ әлі күнге дейін бұл терминнің қаншалықты пайдалы екенін білмейтін бизнес тұлғалар бар. Таргет қазір қосымша мамандық ретінде жүреді. Блогерлерге көп ақша төлеп жарнамалағанша, таргеттен келетін табыс көзі мол.

– Мен жас кәсіпкермін. Сұлулық саласында қызмет атқарамын. Бәсекелестік көп. Өзімді үлкен аудиторияға шығару үшін таргетті оқып алуға шешім қабылдадым, себебі жарнама жақсы көмектеседі. Құны 50 мың теңгені құрайтын оқуды бастадым. Таргетке шығатын пост 1 күнге 5 доллармен есептеледі. Бірақ таргетті дұрыс жіберіп, жібермегенге байланысты да ақша ұсталынатынын ескерген жөн. Уақытыңыздан небәрі 20-30 минут бөліп, асықпай шығаратын болсаңыз, міндетті түрде қалаған нәтижеге жете аласыз. Сондай-ақ жазба немесе жарнаманы Facebook желісі арқылы шығару оңтайлы. Таргетингтің арқасында клиент іздеп әуре болмаймын. Бұрын тұтынушы іздейтін болсам, қазір күніне 5 адамнан қабылдаймын. Жарнамаға кеткен қаржы өзіме 2-3 еселеп қайтады. Тұтынушымен нетворкинг жасау арқылы бизнесті әрі қарай өрбіту әлдеқайда жеңілдей бермек, – дейді жас кәсіпкер Айжұлдыз Бұхарбаева.

Телефоныңыз сіздің ойыңызды оқып тұратындай сезімдерді жиі сезесіз бе? Бұған мынадай түсінік беріп өтейік. Instagram желісін қолданатын әрбір адам күнделікті таргетті жарнамамен кездесіп отыратыны рас. Сол арқылы өзіңізге керек дүниелерге де қол жеткізіп отыруыңыз да мүмкін. Байқап қарасақ, Instagram-нан гүл сататын дүкен іздесек, сізге аймағыңыздағы гүл сатумен айналысатын дүкендер туралы посттар өздігінен шыға бастайды. Бұл интернет маркетинг осылайша барлық бизнес түрлерінің жолын ашуға оңтайлы көмек бере алады.

Әлеуметтік желіде посттар өтімді болу үшін таргетолог аудиторияны кеңінен зерттейді. Яғни, осал жерлері, қарсылас аудиторияны зерттеу. Сол арқылы креативті контент жасауға тырысады. Таргетті оқу базалық және кәсіби деп бөлінеді.

– Таргет – нысана, мақсат деген мағынаны береді. Таргеттің кейде «жолы болмауы» мүмкін. Алайда біз, осы сала мамандары, тест жасаймыз. Сол арқылы «құрдымға кетпеудің» амалын жасаймыз. Мақсатты аудиторияға шолу, анализ жасау, аудиторияның қызығушылықтарына зер салу арқылы жарнаманы жіберудің ең ұтымды кезеңдерін қарастырамыз. Әр ортаға әртүрлі әдіс қолдану арқылы кедергілерден қашамыз. Енді жолын бастаған таргетологтардың жарнамасы дұрыс кіріс әкелмесе, еш мұңаюдың қажеті жоқ. Себебі жеңіліс арқылы жеңіске түзу жол саламыз. Өсудің барлығы тәжірибемен келеді. Бұл – дұрыс позиция, – дейді кәсіби таргетолог Нұргүл Мұратбекқызы.

Қазір әдеттегідей блогерлерден жарнама сатып алу аса маңызды емес. Себебі құны қымбат әрі сторис халықты қызықтырмайды. Көпшіліктің көзі бұл контенттен шаршаған. Бұл мәселеден құтылудың бір жолы таргет саласын меңгеру. Сізге де, сіздің бизнесіңіздің өрлеуіне де септігін тигізетіні анық. «Көз қорқақ, қол батыр» демекші, таргет саласына батыл аяқ бассаңыз, асығыңыз алшысынан түсіп, үлкен жетістікке жетуге мүмкіндік көп.

Нұршат НЫШАНОВА

Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті басшыларының 2024 жылдың II тоқсанына арналған жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау КЕСТЕСІ

Орталық атқарушы органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның Т.Ә.Ж.	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның Т.Ә.Ж. лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті	Бердібаев Ерлан Құлахметұлы	Бердібаев Ерлан Құлахметұлы - Департамент басшысы	Сәрсенбі Сағат 16.00-ден 18.00-ге дейін	Қызылорда қаласы Д.Қонаев көшесі 7А	8724-2-270301
	Омаров Серік Серікбайұлы	Омаров Серік Серікбайұлы- Департамент басшысының орынбасары	Сейсенбі Сағат 17.00-ден 18.00-ге дейін	Қызылорда қаласы Д.Қонаев көшесі 7А	8724-2-270301

Қазақстан Республикасының қолданыстағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» және «Мемлекеттік қызмет туралы» заңдары талаптарының бұзылуына жол бермеу мақсатында Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті 8724-2-270301 сенім телефоны жұмыс істейтіндігін хабарлайды.

2024 жылдың II тоқсанына арналған Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті басшысының және департамент басшысы орынбасарларының жеке және заңды тұлғалар өкілдерін қабылдау кестесі

р/с	Аты-жөні, тегі	Лауазымы	Байланыс телефоны	Қабылдау күні мен уақыты
1	Күзембаев Ербол Қабаштайұлы	Департамент басшысы	23-38-09	әр аптаның сәрсенбісі, сағат 15.00-ден 16.00-ге дейін
2	Умербаева Майрамкуль Ахатовна	Департамент басшысының орынбасары	23-37-35	әр аптаның жұмасы, сағат 16.00-ден 17.00-ге дейін
3	Әбенов Талғат Оразбекұлы	Департамент басшысының орынбасары	20-22-20	әр аптаның бейсенбісі, сағат 16.00-ден 17.00-ге дейін

Мекен-жайы: 120000, Қызылорда қаласы, Жалаңтөс Баһадүр көшесі, 2. Байланыс тел.: 8 (7242) 23-38-09.
E_ mail: fink.kyzyl@minfin.gov.kz

2024 жылғы II тоқсанда Қызылорда облысы бойынша Қазынашылық департаменті басшыларының азаматтарды қабылдау КЕСТЕСІ

Орталық атқарушы органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның Т.Ә.Ж.	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның Т.Ә.Ж., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органдардың орналасқан жері	Байланыс телефоны
Қызылорда облысы бойынша Қазынашылық департаменті	Дүйсенбаев Әуезбек Сейткамалұлы	Дүйсенбаев Әуезбек Сейткамалұлы - басшы	Сәрсенбі Сағат 16.00-18.00	Қызылорда қаласы, Д. Қонаев көшесі, 7А	8724-2-262362
	Есқараев Әділбек Тайжанұлы	Есқараев Әділбек Тайжанұлы - басшының орынбасары	Сейсенбі Сағат 16.00-18.00		8724-2-262140
	Мырза Қанат Әзімханұлы	Мырза Қанат Әзімханұлы - басшының орынбасары	Дүйсенбі Сағат 16.00-18.00		8724-2-274959
	Оспанов Тимур Ермекұлы	Оспанов Тимур Ермекұлы -басшының орынбасары	Бейсенбі Сағат 16.00-18.00		8724-2-262201

Қазақстан Республикасының қолданыстағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» және «Мемлекеттік қызмет туралы» заңдары талаптарының бұзылуына жол бермеу мақсатында Қызылорда облысының Қазынашылық департаменті (8724) 26-17-84 «сенім телефоны» жұмыс істейтіндігін хабарлайды. Аудандық, қалалық қазынашылық басқармалар бойынша: Арал (8724-33)22384, Қазалы (8724-38)22101, Байқоңыр (8336-2)273818, Қармақшы (8724-37)21443, Сырдария (8724-36)21351, Жалағаш (8724-31)31831, Шиелі (8724-32)41067, Жаңақорған (8724-35)22083.

Наурыз айы, ұлыстың ұлы күні,

Басы 1-бетте

Қош келдің,
Әз-Наурыз!

Наурыз – қаймағы бұзылмаған қазақы салт-дәстүрдің сипат алып, ұлттық ойындардың ұлықталып, көңілді ән мен күйдің көмкеретін кезеңі. 14 наурыз көрісу күніне орай А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінің жанындағы «Достық» аллеясында «Амал келді, жыл келді» атты мәдени-көпшілік шара өтті. Қала әкімі Серік Қожаниязов жиылған жұртшылықты мерекемен құттықтады. Алтыбақан құрылып, арнайы дәм ұсынылып, аллея аумағы шаттыққа бөленді. Жігіттер қауымы ұлттық ойыннан сайысқа түсіп, ақ жаулықты әжелер мен ұлттық нақышта киінген жастар ән шырқағаны көпке мәлім.

Сонымен қатар мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні де жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Зиялы қауым өкілдерімен сүбелі сұхбат өрбіп, А.Тоқмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде, Талсуат және Қарауылтөбе ауылдық клубтарында ұлттық фильмдер көрсетілгені санаға серпіліс бергені сөзсіз. Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Мира Қазбекованың сөзіне сәйкес, бұл күні музей тегін қызмет көрсетті. 22 наурызға дейін жалғасатын шарада тұрғындар тақырыптық көрме аралап, рухани кемелденуге бір қадам жасағаны анық. Әсіресе Салихитдин Айтбаев атындағы көркемсурет галереясында өткен Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Дәулет Тойшыбавтың «Kilem Art» көрмесіне келгендердің қарасы қалың. Кілем бетіне салынған суреттер ұлттық өнер мен қазақы болмысты көрсеткені рас. Мәдениетке қатысты шара мұнымен шектелмей, «Анаға тағзым орталығында» салт-дәстүр рәсімі орындалып, облыстық Н.Бекежанов атындағы драма театрда балаларға қойылым ұсынылды.

Жаңұя жарасымын сақтап, отбасы құндылығын түсінетін халықпыз ғой. Содан болар, Шаңырақ күні де шет қалмады. Яғни А.Тоқмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде «Адал адам» мәдени-тәрбие орталығының «Жаңұя шуағы» бұрышында «Ұлағат» ата-әжелер ансамблі «Қымызмұрындық» дәстүрін жасады. Қариялар көне дәстүрдің мән-мазмұнына тоқталып, балалық шақтағы есті естелігімен бөлісті. Ал берген бата-тілегі басқосудың маңызын арттырғаны шындық. Сондай-ақ «Анаға тағзым» отбасын қолдау орталығына отау құрғандарына 25, 40 және 50 жыл болған отбасылар шақырылды. Олар отбасылық өмір жайында айтып, жастарға кеңес берді. Ал жақында шаңырақ көтерген жас жұбайлардың неке қию рәсімін өткізіп, қолдарына куәлік алуы жауапкершілік жүктегені рас.

Әр елдің ерекшелігін көрсететін негіз – ұлттық киім. Көйлекке өң беретін ою-өрнекті қамзол, шаштың сәнін келтіретін шолпы мен шашбау, ажарды айшықтайтын әшекейдің өзі қазақы болмысты баяндайды. Наурызнаманың онкүндігінде ұлттық киімді дәріптеу дүйім жұртты сүйсінткені сөзсіз. Осы ретте «Анаға тағзым» орталығында «Этно FASHION» ұлттық киімдерден сән үлгісі фестивалі, отбасы орталығында ұлттық киімдер дефилесі өткізіліп, әлеуметтік желілерде арнайы челленджер ұйымдастырылады.

Жер-ананың бусап, тіршіліктің қайта түлейтін сәтінде айналаны қоқыс қалдығынан тазарту да назардан тыс қалмады. Жаңару күні – табиғатқа жанашырлықтың негізі десек,

көптің жұмыла кіріскені көз қуантты. Ұлттық спорт күнінде әр аймақта түрлі жарыс өткізілді. Сайыпқырандар сайысқа білек сыбанып келіп, шеберлігін көрсетті. Бойға қуат пен жігер беретін спорттық ойындардың өткізілуі мереке салтанатын сезінуге сеп.

Береке мен бірлік қашанда маңызды. Досы көпті жау алмайды деген бір ауыз сөзбен түйіндейтініміз содан. Ал бес саусақ біріккенде тірлік те тындырымды болады. 21 наурыз – ынтымақ күні. Символдық мәні – бірлікті бекемдеп, берекені берік ету. Бұл ретте қызылордалықтардың қатысуымен «Армысың, әз-Наурыз!» атты мәдени-көпшілік шара ұйымдастырылмақ.

– 22 наурыз күні негізгі шара Тараз қаласы көшесінің бойында өткізіледі. Өнер орталығының алдында «Руханият ауылы» ұйымдастырылып, онда басқармаға қарасты мекемелер киіз үйлер тігіп, креативті қолөнер шеберлерінің сауда көрмесі, музей, кітапхана, архив салалары бойынша тақырыптық көрмелер, ұлттық киімдерден дефиле, салт-дәстүрден көріністер, жырау мен дәстүрлі орындаушылардың концерті өтеді, – деді облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Мира Қазбекова.

Ұлыстың ұлы күніне арналған іс-шара «Әз-Наурыз – берекенің ақ бесігі» атты гала-концертпен қорытындыланады. Эстрада жұлдыздары және жергілікті таланттардың қатысуымен өтетін кеш көпке мерекелік көңіл-күй сыйлайтыны анық.

Нәзік АХМЕТ

ТЕМІРДЕН ТҮЙІН ТҮЙГЕН, АЛТЫННАН КИІМ КИГЕН

Ұлыстың ұлы мейрамы Наурыз биыл ерекше аталып өтуде. Ерекшелігі сонда, 14 наурыз бен 23 наурыз аралығындағы әрбір күн – атаулы дата. «Көрісу күнінен» бастап, Қайырымдылық, Шаңырақ, Жаңару, Ұлттық спорт, Ынтымақ күні секілді жеке-жеке атау алып, әрқайсысы өз деңгейінде ерекше тойлануда. Оның ішінде 18 наурыз – «Ұлттық киімдер күні» болып бекітілді.

Ағаш көркі – жапырақ, адам көркі – шүберек. Дегенмен, киім-кешек адам баласына көрік беруден бөлек ыстық пен суықтан қорғап қана қоймай, олардың қоршаған ортасы мен қоғамынан, өмір сүрген дәуірі мен дәстүр-салтынан терең сыр шертеді. Адамзат атаулы аң терісінен жамылғы, жүннен жіп жасауды меңгерген сәтінен бастап киім-кешек түрлері де заман ағымына сай құбылып, түрленіп, дамып келеді. ҚР Дизайнерлер Одағының мүшесі Дәулетхан Болысбаев өз сұхбатында «Ұлттық киім – түркі халықтары үшін маңызды орынға ие. Орта Азияны мекен еткен әр халықтың өзіндік киім кию үрдісі бар. Басындағы тақиясынан аяғындағы мәсісіне дейін ерекшеленіп тұрады. Қазақтың ұлттық киімі жайлы көптеген ғалымдар өз зерттеуін жасаған. Өзбекәлі Жәнібековтың «Ұлттық киімнің табиғаты» деген мақаласында құнды деректер айтылған болатын. Онда көбіне ерлердің жас ерекшеліктеріне қарай киген киімі мен шапанның түрлерін талдап шыққан. Оңтүстіктің тумасы Ғани Иляевтың да бұл бағытта қалдырған қолтаңбасы ерекше. Осындай қоғам қайраткерлері тек сол дәуірдегі қоғамды ағартумен ғана танылмаған. Олардың ұлттық құндылығымызды дәріптеудегі еңбегі де ерен» дейді.

Ұлттық киім жайлы сөз қозғағанда қазақ үшін қашанда қастерлі болған шапанның сөз басында тұратыны даусыз. **"Шапан жабу"** – көпке сыйлы той иелеріне немесе қадірлі қонақтарға көрсетілген құрмет. Яғни, шапан – көп киімнің бірі емес, халқымыз үшін ыстық ықылас пен нағыз сыйластықтың нышаны іспеттес. Дәл осы жалғыз шапанның өзінің қаншама түрі бар десеңші. Мәселен, ертеректе тысы мен астарының арасына қалың жүн салынып, сырма шапан дайындалған. Сырма шапан - суықта сыр бермейтін сырт киімнің көне түрі. Мұндай шапандар сұлулығынан гөрі, жылуына қарай бағаланатын болған. "Сұлуынан жылуы"немесе "Астарлы шапан тоңдырмас, үш өрім жіп үзілмес"деген секілді мақалдар осыдан қалса керек. Дегенмен, ұланғайыр Ұлы даламыздың оңтүстігінде орналасқан қазақтың киімін солтүстіктегі немесе басқа өңірлердегі қазақтардың киімімен салыстырмалы түрде қарағанда әжептеуір айырмашылық барын байқаймыз. Бұған халық орналасқан аймақтың ауа-райы себеп. Сондықтан да жоғарыда атап өткен сырмалы шапаннан бөлек халқымызда бұл сырт киімнің қаптал шапан, қималы шапан секілді бірнеше түрі бар.

Қазақ қыз-келіншектері мен аналары үшін **камзолдың** орны тіпті бөлек. Қандай көйлектің де сыртынан киіле беретін бұл камзолдың қазақтан басқа бірнеше елдің ұлттық киімдері санатында бар екені көпке мәлім. Камзолдың жеңі болмағаны секілді оған жаға да тігілмейді. Тек, омырау тұсына дейін ойық ойылып, алды ашық қалдырылады. Үй шаруасындағы әйелдің отырып-тұруы мен еркін қимылдауына ыңғайлы бұл киім түрі арқаның жылы жүруіне септігін тигізеді. Қызығы, камзолды кей өңірлерде «жеңсіз бешпент» деп атаса, кейбірінде «кәжекей» дейтін көрінеді.

Тақия – қазақ бас киімдерінің ішінде ең кеңінен таралған түрі. Біз білетін тақияның біз білмейтін түрлері де бар. Киіз үйдің кішірейтілген формасында келетін бас киімнің зерлі, үкілі, оқалы, сырма, шошақ төбе, тікше, қатипа тақия секілді т.б. көптеген атаулары бар. Тарихи деректерге сүйенсек, үш жүздің жұртының тақиясы үш түрлі келеді. Орта жүз жұрты тегеріш тақияны тұтынса, төбесі жалпақ биік тақия кіші жүзге тән деп келтіріледі кей деректерде. Ерлер тақиясынан бөлек қыздардың тақиясының жоғарғы тұсы конус тәріздес етіп тігіліп, төбесіне міндетті түрде үкінің немесе тотының қауырсыны тағылады. Қазақ ұғымындағы «үкідей үлбіреген», «тотыдай таранған» деген тіркестер дәл осы қыздар тақиясындағы қауырсынның қозғалысына қарап туындаса керек.

Халқымыздың тарихы мен тамыры қаншалықты тереңде болса, тұрмыс-салты, қолданған бұйымдары мен киім-кешегі де соншалықты ауқымды сипатқа ие. 1970 жылы қазба жұмыстары кезінде Алматы облысы, Есік қаласынан табылған **алтын адам** әлем назарын аударды. Есік өзенінің сол жағалауынан табылған құнды жәдігер көне сақ жауынгеріне, әйел адамға тән екені анықталған және төрт мыңға жуық аң бейнесіндегі түрлі әшекейлермен қамтылған. Кейін дәл осыған ұқсас жәдігерлер Шығыс Қазақстан мен Орталық Қазақстаннан да табылды. 1999 жылы Атырау маңындағы Аралтөбе қорғанынан табылған екінші алтын адам біздің заманымызға дейінгі үшінші ғасырға жататыны анықталған. Ал 2003 жылы Шіліктіден табылған алтын адамның Есік қорымындағы алтын адамнан 400 жылға үлкен екені зерттеле келе белгілі болды. Археолог-ғалымдар дәл осы Шілікті қорымынан 4303 алтын бұйым табылғанын мәлімдеді.

Аружан ОРАЛБАЙ

Ұлтымның ұлықталар ұлылығы...

Алаштың аманаты - ұлттық өнер

Ұлттық өнер – ғасырлар шегінде ұлт тарихы мен құндылықтарының көрінісі ретінде қызмет ететін әлемдік мәдениеттің алуандығын бейнелейтін негізгі элемент. Дүниежүзіндегі мәдениет пен дәстүрдің әртүрлілігіне сүйене отырып, ұлттық өнер шығармашылықтың бай әрі көп қырлы екенін білдіреді.

Кескіндемеден бастап, әдебиет пен музыкаға, әлемдік мәдениетке ықпал ететін шығармашылықтың өрнегі. Ұлттық өнердің басты қырларының бірі – мәдени мұраны, салт-дәстүрді сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу. Аталмыш үрдіс ғасырлар бойы ұстаздан шәкіртке жалғасып келе жатқан білім арқылы жүзеге асады. Халықтың болмысын, оның әлемдік мәдениеттегі орнын қалыптастыруда ұлттық өнер де маңызды рөл атқарады. Ұлттық өнер – суретшілер, жазушылар, музыканттар мен басқа да шығармашыл топтар үшін шабыттың қайнар көзі.

Музыка мәдениеті

Қазақ халқының музыкалық мәдениеті ата-баба тарихын баяндайтын өнер. Қазақтың дәстүрлі әндерінде табиғат, махаббат, шайқас, ерлік тақырыптары жиі көрініс табады. Оларға терең жанашырлық, ішкі рухани байлық атмосферасын тудыратын жанды әуен мен күрделі ырғақ үлгілері тән. Музыкалық дәстүрдің негізі ретінде еліміздің мәдени-музыкалық өмірінде шешуші рөл атқаратын дәстүрлі аспаптарды атауға болады. Қазақ, ноғай мен қалмақ мәдениетіне сіңген екі ішекті, көп пернелі музыкалық аспап – домбыра. Дәстүрлі аспаптарға домбырадан бөлек қобыз, сырнай, дауылпаз, даңғыра, асатаяқ пен адырна жатады. Олардың әрқайсысы қазақтың әуеніне өзіндік ерекше дыбыс береді. Шетел мәдениеттанушылары ұлттық музыканың әуезділігін жоғары бағалайды.

Айшықты айтыс

Көнермейтін, құндылығын жоғалтпайтын, сөз өнерінің патшасы – айтыс өнері. Даму тарихы тереңде көмілген тамыр секілді көнеден келе жатқан айтыс синкреттік жанрға жатады. Тарихты зерделесек, қол бастаған батыр да, ел билеген көсем де сөзге шешен, сөз құдіретін түсінген. Айтыстың салмағы мен жүгі ауыр. Себебі өмірдің шындығы айтылады. Халық арасында бетпе-бет келген екі ақын да жеңіске жетумен қатар маңызды мәселені көтеруге тырысады.

Терме тағылымы

Терме – қара өлең мәйегі, поэзиядағы лирикалық өлең. Дана халқымыз дау-дамайдың түйінін бір ауыз сөзбен жеткізген. Терме өнері нақыл сөздердің үлгісінде құрылады және пішіні мен мазмұны толғауға біршама жақын. Толғауда қоғамдық-әлеуметтік сарындар басым, термеде көбіне күнделікті тұрмыс-тіршілікке қатысты жағдай сөз болады. Терме сөз бен әуен сабақтасып келгендіктен синкретті өнерге жатады. Ырғақтық құрылысы жағынан жеті-сегіз буынды жыр үлгісінде айтылады. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында жедел қарқынмен дамыды.

Киіз басу

Киіз басу, одан түрлі бұйымдар жасау – көне заманда қалыптасқан қолөнер түрі. Археологиялық қазба жұмыстарының барысында ежелгі темір дәуіріне жататын қорымдардан табылған заттардың ішінде киізден басылған бұйымдар кездеседі. Ежелгі көшпелі тұрмыста киіз туралы Марко Поло, Плано Карпини, Клавихо сынды орта ғасыр саяхатшыларының жазбаларында айтылған. Киіз басудың хас шеберлері әйелдер болған. Әрбір қазақ әйелі киіз басудың ежелден орныққан технологиясын жетік меңгерген. XIX ғасырдағы қазақ тұрмысын зерттеген М.Красовскийдің жазбаларында «қазақтар қыздарды жас шағынан іс тігу, өрмек тоқу, киіз басу, т.б. үйретеді, өсе келе олардан бәрін талап етеді» делінген.

Қыздарды қол ісіне жас кезінен үйреткендіктен олардың киіз басу шеберлігі аса жоғары болған. Киіз басу ісінде жүн талшықтарының бір-бірімен ұйыса байланысатын қасиеті негізге алынған. Қазіргі заманғы шұға басу, байпақ жасау, фетр басу процестері де киіз басудың дәстүрлі технологиясымен бірдей.

Киіз басу ісінен ақпарат берсек, киізді басу қажетті жүнді дайындау жұмысынан басталады. Дайындық жасау 3 сатыдан тұрады. Бірінші сатысы – қырқылатын қой-қозыларды тоғыту. Бұл – қырқымның алдында міндетті түрде атқарылатын жұмыс. Яғни, күзем жүн алу үшін денесіне жаз бойы шаң-тозаң жинаған қой-қозыларды өзенге апарып, суға тоғытады. Екінші саты – қой жүнін қырқу. Үшінші саты – жүн сабау. Қырқылған, сұрыпталған жүннен бұйым жасау үшін тазалап, қопсытылады, әрі қарай жүн түту тәсілі жалғасады. Бүгінде киіз басу жұмыстары механикаландырылған. Киіз өндірісінде жүн арнаулы машиналармен қопсытылады, майланады, тарақтап түту құрылғысымен түтіледі, бұйым пішіміне сай тартылады. Кейінгі процесс – басу машинасына жіберу.

Нәзіктіктің символы – би

Театр, эстрада, цирк – сахнаның киесі мен көрермен қошеметін ұғындыратын орда. Ұлттық өнердің қай жілігі болсын шапшаңдық пен қимылды талап етеді. Сол іспеттес іс-қимылдың бейнесіне айналған ұлттық би нәзіктікті, жинақылықты айшықтайды.

Би – халық фольклорының көне түрлерінің бірі. Ол туралы Қазақстан жерінде сақталған тастағы суреттер, тарихи деректер, этнографиялық жазбалар сыр шертеді. 1934 жылы қазіргі Опера және балет театры құрылғаннан кейін сахналық билерді шығару жұмысы қарқынды жүзеге асты. Музыкалық, опералық спектакльдердегі алғашқы сахналық билерде ұлттық ойындар, салт-дәстүр элементтері мен классикалық бидің стильдік қимыл-әдістері қолданылды.

Көне билердің қатарына «Қамажай», «Маусымжан», «Қаражорға», «Келіншек», «Өрмек биі», «Ортеке», «Тепеңкөк», «Қоян-бүркіт» «Айжан қыз», «Садақ биі»,«Шолпы биі», «Қоян биі», «Аю биі», «Насыбайшы», «Асау ат», «Бура биі», «Бүркіт биі», «Құр биі», «Құсбегі», «Киіз басу», «Тырна биі» кіреді.

Қазақ биінде әр қимылдың мағынасы бар. «Қошқар мүйіз», «Кереге көз», «Сыйлық», «Үлкен сыйлық» тағы басқа қимылдар қыздардың орындауында кездеседі. Би қымылында қойылым да, өнер де, қимылдың сыры да ұштасады. Қазақ биі үстінде қолды қалай ұстаудың негізгі алты қалыбы бар. Сол секілді аяқ қимылының да алты түрі бар. Сонымен қатар жүріс түрлеріне: кербез жүріс, құбылма жүріс, сақ жүріс, өкше көтеру, өкше кезек, өкшелеу, кезекті адым, кібіртік адым, шапшаң қадам жатады.

Мәдениет қайраткері Т.Бақтыбаев «Қазақ биі – ұлт болашағы» атты еңбегінде: «Би – эстетикалық құрал, ол сөзсіз дене сұлулығына тәрбиелейді. Әрі халық билерінің өздеріне тән ерекшеліктері би қойылымдарында, іс-қимылдарында көрініп тұруы керек. Би өнері қазақ халқы үшін тәрбие құралы, мәдениет жаршысы, тіптен қазақ тарихы десек те болады», – деп жазды.

Қазақы ас кулинариясы

Заман құбылған сайын уақыт талабына сай адамдардың да талғамы өзгеріске ұшырауда. Бұл жаһандану дәуірі қазақ халқын да айналып өтпеді. Қазір паста, стейк, балық өнімдері сұранысқа ие. Алайда өзіміздің ұлттық тағамдар тек мереке күндері ғана еске түсетін болды. Өткеннің еншісінде «өліп» бара жатқан ұлттық тағамдар неге танымал емес?

Аймақта ұлттық стильде тағам ұсынатын тек санаулы орын бар. Мәселен, «Бидай» ұлттық мейрамханасы, «Арафат» кафесіндегі қазақи нақышта көмкерілген VIP бөлме, сондай-ақ «Жеті тандыр» ұлттық тағамдар орталығы. Басқа мейрамханаларда ұлттық тағамдардан ет, бауырсақ, қуырдақ, айымыз оңынан туса нарынды кездестіріп қалуымыз мүмкін. Қалада мейрамханалардан көз ашпаймыз, ал ұлттық асхана саусақпен санарлық. Біз білетін ұлттық тағам көп, алайда неліктен олардың дәмін тату бізге бұйырмай келеді?

– Өзге асханалардан ерекшелігіміз – тағамдардың құнарлылығы. Әрбір тағамның өзіндік тарихи маңызы, дайындалу жолы бар. Біздің мейрамханаға қонақ болған әрбір мейман ағарғанға тапсырыс береді. Яғни қымыз бен шұбат ерекше сұранысқа ие. Олардың дайындалу жолын сұрайтын кездері де болған. Шүкір! «Бидайға» келушілердің саны күннен күнге артып келеді.

Ұлттық тағамдарымызға қызығушылық бар. Қызылордаға келетін қонақтардың көбі асханамыздан дәм татып кететіні рас. Жалпы айтқанда, қызылордалықтар қазақилыққа етене жақын. Бізге ұлттық асхана басқа қалаларға қарағанда таңсық емес деп ойлаймын. Әйтсе де біз білмейтін тағамдар саны жеткілікті. Ұмытылып бара жатқан тағамдарды жаңғырту мақсатында халыққа ұсынудамыз. Мәзірден



суретін көрген жандарға тағамның дәмі қызық. Алайда мұндай асты дайындау үшін көп білім, сондай-ақ уақыт керек. Жоспар көп, жаңа мәзірдің де жобасы дайын болып қалды. Ұлттық тағамдарға деген сұраныс еш толастамайтынына сенеміз. – дейді «Бидай» ұлттық мейрамханасының бас аспазы Әмір Амантайұлы.

Айта берсек, ұлттық тағамдардың түрі көп. Алайда біз білетін өнімдердің орнын өзге асханалар айырбастап келеді. Балалық шақта аттың құлағында ойнап, қатық пен айран ішіп, құрт-май жеп өскендер неліктен қазір бургер мен «кока колаға» әуес? Сондай-ақ мейрамханалардағы тағамдардың да бағасы шамадан тыс қымбат. Ұлттық өнімдер туралы айтпаса да түсінікті. Құны көңіл көншітпеген тағамға тапсырыс та аз. Қоспасы құнарлы, қазақ халқының байырғы заманынан ұрпаққа мұра болып қалған ұлттық өнімдерін жаңғыртайық. Батыстың асханасын биік бағалай бергенше, өз қазан-ошағымыздың жағдайын күйттейік.

Наурыз көже

Қазақтың Жаңа жылы – әр көктемнің мерекесі. Бұл мейрамда арасы алыстаған ағайын, туыс-туған, дос-жаран бас қосып, реніш-өкпе сейіледі. Мейрамның сәнін келтіріп, қазақтың әр дастарқанынан ойып тұрып орын алатын наурыз көже де ұлттық тағамдардың қатарында. Бұл туралы балалар біле бермейді. Себебі көптеген бүлдіршінге наурыз көженің дәмі ұнамауы мүмкін. Олар ес білгелі фаст-фудпен қоректеніп, ұлттық тағамдарға бой үйретпеген. Алайда наурыз көже жеті түрлі дәм қосылатын, өте құнарлы, құрамында керекті дәруменнің бәрі бар ерекше тағам.

Ірімшік

Ірімшік – табиғи тәтті, нәрлі әрі құнарлы тіскебасар. Ешкі, сиыр немесе қойдың сүтінен қайнаған сіңімді тағамдардың бірі. Барлық жастағы адамдар үшін пайдалы.

Бауырсақ

Бидай ұнынан әзірленетін тіл үйірерлік бұл нанды жақсы көрмейтін бала да, қарт-қария да жоқ. Ежелде қазақ халқы көшпелі ғұмыр кешкен. Сапарға аттанар алдында бауырсақты молынан азық етіп алатын болған. Себебі тойымды, жолда ашып, ысырап болмайтын ерекше тағам. Наурыз көже тек жаңа жылда әзірленсе, бауырсақ – әрбір мейрамда дастарқаннан табылатын ұлттық тағам.

Саумал

Бұл ағарғанның емдік қасиеті қашан да жоғары бағаланады. Балғын бие сүті көптеген дәрумендерге бай. Адам ағзасын тазартып, денсаулықтың бір қалыпқа түсуіне бірден-бір көмек. Асқазан, өкпе, бауыр, ісік ауруларынан қорғап, сүйектердің қатаюына әсер етеді. Қатерлі сырқаттың алдын алады. Дәрігерлер үлкен сеніммен ішуге ұсынады.

Нұршат НЫШАНОВА

МЕМЛЕКЕТТІК БАЖДЫ ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӘНЕ БЮДЖЕТТЕН ҚАЙТАРУ ТӘРТІБІ

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті мемлекеттік бажды есепке алу және бюджеттен қайтаруға қатысты түсіндірме жұмыстарын жүргізуде.

Мәселен, бюджет кодексінің 49-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы ратификацияланған халықаралық шартқа сәйкес елімізде жасалған ресми құжаттарға ел Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік баж республикалық бюджетке есепке жазылады.

Мемлекеттік баждың қалған түрлері жергілікті бюджеттерге есепке алынады.

«Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі №403 бұйрығына сәйкес мемлекеттік бажды төлеу үшін келесі бюджеттік сыныптама кодтары бекітілген:

108125 БСК «Республикалық бюджетке төленетін мемлекеттік баж»;

108126 БСК «Жергілікті бюджетке төленетін мемлекеттік баж».

Осылайша еліміз ратификациялаған халықаралық шартқа сәйкес Қазақстан Республикасында жасалған ресми құжаттарға ел Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік органдардың апостиль қойғаны үшін мемлекеттік баж БСК 108125 есепке жазылады, ал мемлекеттік баждың қалған түрлері БСК 108126 есепке жазылады.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» ҚР Кодексінің (Салық кодексі) 623-бабы 2 және 3 тармақтарымен мемлекеттік баж уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың заңдық мәні бар әрекеттер жасаған және (немесе) құжаттарды берген жері бойынша есепке жатқызылатыны көзделген. Мемлекеттік баж сомаларын бюджетке төлеу екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы аудару жолымен жүргізіледі.

Банк заңнамасына сәйкес төлемдерді бюджетке төлеу кезінде төлем құжатында міндетті түрде бенефециар – ақша алушыны көрсету көзделген. Мемлекеттік бажды төлеу кезінде төлем құжатында «Бенефециар» (ақша алушы) жолында уәкілетті мемлекеттік органның (заңдық мәні бар әрекеттер жасаған және (немесе) құжаттарды берген кезде) орналасқан орны бойынша мемлекеттік кірістер органы көрсетіледі.

Дархан МУСТАФАЕВ,
Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының Талдау және есепке алу бөлімінің басшысы

ТҰРҒЫНДАР ҚАТЕРЛІ ІСІК СКРИНИНГІНЕН ӨТУДЕ

Өңірде облыстық онкологиялық диспансердің жылжымалы медициналық кешені жұмыс істейді. Естеріңізге сала кетейік, өткен жылы «Қазақстан халқына» қоры аймаққа онкологиялық ауруларды дер кезінде скринингтік тексеру мен профилактикалық тексеруден өткізуге арналған заманауи жылжымалы медициналық кешен сыйлаған болатын.

Шиелі ауданындағы баспасөз туры барысында журналистер онкологиялық қызметтің алғашқы жылжымалы медициналық кешенінің жұмысымен танысты.

Облыстың ірі аудандарының бірінде 78 мыңнан астам халық аудандық емханада тіркелген. Диспансерлік есепте 122 онкологиялық науқас болса, оның көбісі сүт безі қатерлі ісігіне шалдыққан.

Өткен жылы Нұргүл Атабаеваға сүт безінде киста мен түйін бар деген диагноз қойған. Әйел емделді. Облыстық онкологиялық диспансер дәрігерлерінің үкімін тағатсыздана күтіп жүрді. Қуантарлығы, жаңа өскіндер жоқ.

– Жылжымалы медициналық кешенде маммография және ультрадыбыстық зерттеу жүргізді. Онколог шешімін берді. Уақытылы анықтау және емдеудің арқасында патологиялар жоқ. Әр алты ай сайын тексеруден өтуді ұсынды. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің арқасында қымбат медициналық қызметтер қолжетімді, жылжымалы медициналық кешенде тексерулерден өтуге болады. Бұл әсіресе қатерлі ісікке шалдыққан науқастар үшін маңызды, – дейді Нұргүл Атабаева.

Жылжымалы медициналық кешен томосинтез функциясы бар сандық маммографиялық аппаратурамен, ультрадыбыстық жүйемен және жоғары зерттеу дәлдігі бар компьютерлік томографпен жабдықталған. Құрал Жапонияда жасалған. Бұл санаттағы медициналық жабдықтар Қазақстанда алғаш рет пайдалануға берілді.

“Қатерлі ісік өлім жазасы емес, дүрбелеңге себеп емес” дейді Шиелі ауданаралық ауруханасы бас дәрігерінің орынбасары Қазбек Шәукебаев. Бұл сіздің денсаулығыңызға жауапты көзқарасты арттыруға және қалпына келтіруге қадам жасауға ынталандыру.

– Скрининг – ауруды ерте анықтау. Бұл тегін медициналық қызмет міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі сақтандыру мәртебесіне қарамастан барлық азаматтарға қолжетімді. Сондықтан уақытылы тексерулерден өту маңызды. Қатерлі ісік ерте сатысында анықталған науқастар саны көп. Онкологиялық науқастардың өмір сүру ұзақтығы артты. Әрине, бұған МӘМС жүйесі ықпал етіп, денсаулық сақтау саласының жұмысын құрылымдады, қаржыландыру көлемі артты. Мәселен, өткен жылы аудандық аурухана компьютерлік томографиялық аппарат сатып алды, – деп атап өтті Қазбек Шәукебаев.

Биыл Шиелі ауданаралық ауруханасына Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорынан 7,9 млрд теңгеге жуық қаражат бөлінді.

Айгүл АХАНОВА,
Шиелі ауданы

Қызылорда облысының прокуратурасы биыл алимент өндіру бағытында бірқатар жұмыс атқарды. Прокуратура органдарымен Әділет департаментіне және Жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасына 10 заңдылықтың бұзылуын жою туралы ұсыну енгізілді.

43 анаға 40 млн теңге алимент өндірілді

Нәтижесінде биыл екі айда 43 жалғыз басты ананың пайдасына 40 млн теңге алименттен берешек өндірілді, 64 борышкер уақытылы алимент төлемегені үшін ӘҚБтК-нің 669-бабымен әкімшілік жауаптылыққа тартылды, 21 жеке сот орындаушы алиментті мәжбүрлеп өндіру кезінде өз міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін тәртіптік жауапкершілік қарастырылды.

Прокуратураның бастамасымен алимент төлеуден жалтарып жүрген 9 борышкерге қатысты ҚК-тің 139-бабымен қылмыстық іс тіркелді, оның 4-еуі қылмыстық жауаптылыққа тартылса, қалғандары бойынша тергеу жүргізілуде. Мысалы, борышкер Н.Н. өндіріп алушы Ж.А-ның пайдасына 2,9 млн теңге алименттен берешегін төлеу үшін жұмыссыз ретінде тіркелмей, өзінің жалдамалы жұмыстардан тапқан табысын жасырып, алимент төлеуден жалтарған.

Осыған орай Қармақшы ауданының прокуратурасымен Н.Н-ке қатысты ҚК-тің 139-бабымен қылмыстық іс тіркелді, соттың 06.03.2024ж. үкімімен Н.Н. кінәлі деп танылып, 1 жыл мерзімге бас бостандығынан шектеу жазасы тағайындалды.

Сондай-ақ ағымдағы жылы прокуратураның бастамасымен уәкілетті органдардың қатысуында ведомствоаралық мәжіліс өткізіліп, онда әділет және полиция органдарының, жеке сот орындаушылар өңірлік палатасының басшыларына жүйелі түрде рейдтік іс шаралар жүргізу, бос жұмыс орындарының жәрмеңкесін ұйымдастыру, алимент санатындағы атқарушылық өндірістерді ерекше бақылауға алу, қаскөй борышкерлерді қылмыстық жауаптылыққа тарту жұмыстарын күшейту тапсырылды.

Орындалу жағдайын облыс прокуратурасында тоқсан сайын қарау белгіленді. Қазіргі таңда бұл бағыттағы жұмыстар жалғасуда.

Қызылорда облысының прокуратурасы

ЗИЯТЫ ЗАҚЫМДАЛҒАН БАЛАЛАРДЫ ДИАГНОСТИКАЛАУ

Қызылорда «Болашақ» университетінде әлеуметтік мәселелерді психологиялық және дефектологиялық зерттеу орталығының ұйымдастыруымен «Дефектология» білім беру бағдарламасының 3 курс білім алушыларына медицина ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы С.Ибраев «Зияты зақымдалған балаларды диагностикалау» тақырыбында семинар-тренинг өткізді.

Семинар-тренингте білім алушыларға балалардың даму бұзылыстары психодиагностикасының теориялық негіздері таныстырылып, ерекше білімді қажет ететін балаларды зерттеудің түрлі тәсілдері мен жолдары талданды.

Семинар-тренинг барысында білім алушыларға педагогикалық, психологиялық және медициналық кеңес беру мамандарының балаға кешенді түрде диагностика жүргізу ережесі және құжаттары таныстырылды. Тренингте ерекше білімді қажет ететін балаларға жүргізілетін Кооса кубиктері, Равен матрицасы, Шульте кестесі сынды психологиялық-педагогикалық тексеру әдістері қолданылды.

Әлеуметтік мәселелерді психологиялық және дефектологиялық зерттеу орталығы



Қызылордалықтар МӘМС-ке 70,5 млрд теңге аударды

Жүйе іске қосылған 2017 жылдың 1 шілдесінен 2024 жылдың 1 наурызына дейін Қызылорда облысының тұрғындары Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына 70,5 млрд теңге аударды. Оның 42,5 млрд теңгесі жұмыс берушілердің аударымдары болса, қалған 28 млрд теңге жеке кәсіпкерлер мен азаматтық-құқықтық келісімшарт негізінде еңбек ететін тұлғаларға тиесілі.

Жинақталған қаржы сенімгерлік басқару туралы келісім бекітілген Ұлттық банкте сақталады және МӘМС пакеті шеңберіндегі қызметтер ақысын төлеуге жұмсалуда.

Бақыт ИСМАХАНБЕТОВ,
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры

ТІЛДЕН АРТЫҚ ТҰҒЫР ЖОҚ

Тіл – ұлттың өткені, бүгіні, болашағы, тәуелсіздіктің айғағы. Тілін жоғалтқан ұлт тарихынан, мәдениетінен айырылады. «Өзге ұлттың тілін, дәстүрін білмей, оның жанын, арманын түсіну, сеніміне, құрметіне бөлену мүмкін емес. Өз тілінің сұлулығын сезінбей, өзге тілдің сұлулығын сезіну екіталай» деп Бауыржан Момышұлы айтқандай, бөтен елдің салт-дәстүрі мен мәдениетіне еліктейтін қазақтардың қазіргі жағдайы бәрімізге мәлім.

Қазақ халқының шет елге еліктеуінің басты себебі неде? Ел ішіндегі көп мәселенің бірден бір себебі осы алашұбар сөйлеу деп ойлаймын. Тілі шектеу көрген халықтың салт-дәстүрі де тез өзгеріске ұшырауы мүмкін. Әсіресе жас ұрпақ еліктегіш келеді. Басқа тілде сөйлеген қазақ жастарына өз салтын, мәдениетін бойына сіңіру қиынға соғары анық. Ата салтын сақтау қазақтар әр жерде шашырап қоныстанған жағдайда тағы да қиынға соғады.

Қоғамдағы ең ауқымды мәселенің бірі – қазақ еліне қарағанда шет елдің білім беру деңгейінің жоғарырақ болуы. Тіл білудің зияны жоқ дегенмен де «Тілсіз ұлт, тілінен айрылған ұлт дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес. Ондай ұлт құрымақ. Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болу. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиісті» деген екен Мағжан Жұмабаев.

Әр адам өз Отанына деген махаббатын алғашқы орынға қойып, әрқашан елін сүйіп, патриоттық рухын асқақтатып, өз ділін, дінін, мәдениеті, салт-дәстүрін сақтаса, мәңгілік ел боларымыз ақиқат.

Мерей ҚАЛАБАЙ

ҰЛТТЫҚ СПОРТ: ҚАЗАҚ ОЙЫНДАРЫНЫҢ ҚАСИЕТІ



Басы 1-бетте

«Қазақстан Ұлттық энциклопедия» кітабында қазақтың ұлттық ойындарының мән-маңызы туралы былай деп жазылған: «Қазақ – ұлты негізінен ұрпақ қамын басты мақсат етіп қойып, балалардың нағыз азамат болып қалыптасуына аса мән берген. Нәтижесінде дәстүрлі бала тәрбиесінің басты құралы ретінде ұлттық ойынды орайластырып, дамытып отырған» деп жазылған.

Бірақ қазір жастар ұлттық ойыннан гөрі санасын улайтын құмар ойындарды артық санайды. Оның тигізер зиянына көңіл аудармайды да. Сылтау – XXI ғасыр. Заман өзгерген, техника дамыған. Ол уақыт келмеске кеткен. Осы сылтаулармен жастар ұлттық құндылықтарға мән берместен заман ағымына ілесіп келеді. Ал ұлттық ойын тасада қалды. Оның кейбірі тіпті көмескіленіп, ұмыт та болып бара жатыр. Заман ағымынан қалмай, заманауи дүниелерді меңгерген дұрыс-ақ. Бірақ теледидар мен телефонға бос телміргеннен гөрі, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, сананы сергітіп, ұлттық ойындарды тек Наурыз мерекесі қарсаңында ғана емес, күнделікті өмір дағдысына айналдырсақ нұр үстіне нұр болар еді.

Этнограф ғалым Әбубәкір Диваев өзінің «Игры киргизских детей» атты еңбегінде алғаш рет қазақтың ұлттық ойындарын үш топқа бөліп қарастырады. Ол бірінші топқа рулық-қауымдық құрылыс кезеңінде өмірге келген ойындарды, екінші топқа – қозғалыс ойындарын, үшінші топқа – спорттық ойын түрлерін жатқызады. Қазақтың ұлттық ойындарын кеңінен зерттеген этнограф халық ойындары баланың қимыл-қозғалысын дамытып, денесін шыңдап қана қоймай, денсаулығын жақсартушы бірден-бір пайдалы дүние екенін мойындаған. Осы ретте ел ішінде кең таралған ойындарға тоқталсақ.

Көкпар – ұлттық ат спорты ойындарының бірі. Ойынның атауы «көк бөрте» (лақ) сөзінен шыққан. Дәстүрлі қазақ қоғамында көкпарға жасқа толған серкенің семізі таңдалған. Семіз серке терісі жыртылмайды. Орташа салмағы 70-80 келідей болады. Басқа малдың терісі жыртылғыш болғандықтан көкпарға тартпайды.

Көкпар – Орта Азия халықтары арасында кең тараған ойын түрі. Ол қырғыз, өзбек тілінде «Улак тартыш», тәжік тілінде «бузкаши» деп аталады. Көкпар тарту сияқты ұлттық ат спорты ойындары басқа Шығыс елдерінде де бар. Ауғанстанда кең тараған «бузавиш» ойыны – көкпарға өте ұқсас. Сондай-ақ Аргентина халқының да көкпарға ұқсас ат спорт ойыны болған. Көкпар жігіттердің күш-жігерін, төзімділігін, батылдығы мен ептілігін, ат үстінде мығым отыруын қалыптастырады. Сонымен қатар көкпар аттың қалай бапталып үйретілгенін, жүйріктігін де сынайтын спорт. Көкпар жаппай және дода тартыс болып екіге бөлінеді. Жаппай тартыста әркім көкпарды өзі иелік етуге тырысады. Дода тартыста құрамы бірдей екі топ сынға түседі. Мұны кейде «марта тарту» деп те атайды.

Бәйге – ұлттық спорт ойындарының бір түрі. Ат спортының бұл түрі түркі тектес басқа халықтарда да бар. Мысалы, бәйге өзбектерде «пайга», қырғыздарда «чабыш» деп аталады. Кейбір деректер бойынша, XV ғасырдың 70-жылдарында Керей мен Жәнібек сұлтандар Қазақ хандығын құрғанда, Шу өзенінің жағасында, «Тұлпарсаз» деген жерде бәйге ұйымдастырған.

Осы кезден бастап бәйге қазақ халқының алқалы жиындарының ажырамас құрамдас бөлігіне айналған.

Бұрын бәйгеге қосылған аттар түстік, күндік жерге, ұзақ қашықтықтарға шабатын. 1957 жылы Қазақстанда қабылданған ереже бойынша құнан бәйге 1200, 1500, 1600, 1800, 2000 метр, дөнен бәйге 2400, 3000, 3200, 4000, 4800 метр, аламан бәйге 5000, 8000, 10000 метр қашықтықта өткізіледі. Көбінесе қашықтық төрешілер алқасының шешімі бойынша бәйге алаңының айналым ұзындығына байланысты белгіленеді.

Аударыспақ – спортшыдан үлкен ептілікті, күштілікті, төзімділік пен батылдықты талап ететін ұлттық спорттың бір түрі. Аударыспаққа тәртіп бойынша ат үстіндегі айқасты жақсы меңгерген, тиянақты дайындығы бар спортшылар ғана қатыса алады. Ал дайындығы жеткіліксіз, тәжірибесі аз спортшылар үшін бұл өте қиын спорт түрі. Сондықтан қазіргі тәртіп бойынша сайысқа 18 жасқа толғандар ғана қатыстырылады. Сайысқа қатысушылар үш салмақ дәрежесіне бөлінеді. Аударыспақта салмақ дәрежесіне бөлудің мақсаты – қатысушыларға неғұрлым теңдік жағдай туғызу. Бұл категорияға бөлу соңғы кезде қалыптасты. Ертеде кез келген тілек білдіруші өз еркімен қатыса беретін болған. Ойында тұлпары белді, жарамды, өзі мықты, атқа отырысы мығым, білекті жігіттер жеңіп шығады. Сайып келгенде, аударыспақта негізгі рөлді ат пен ойыншы жігіттер атқарады. Оспадарлық, жұла қашу, салып қалу, қол қайыру сияқты айла-амалдарды қолдануға болмайды. Аударысу ат пен жігіттің үндескен қимыл-бірлестігіне сүйене отырып, күш-жігердің басымдығын көрсететін қалыпты, байсалды шеберлікке ұласып жатуы шарт.

Қазақша күрес – қазақ халқының ерте кезден қалыптасқан спорттық ойындарының бірі. Басқа халықтардың ұлттық күрес түрлерімен салыстырғанда қазақша күрестің өзіндік ерекшеліктері көп.

Кеңес дәуіріне дейін қазақша күрес негізінен әдет-ғұрыпқа байланысты және еңбек процестерінде жеткен жетістіктерін дәріптейтін жиын-тойларда өткізілді. Бұрын қазақша күрес «күш атасын танымайды» деген түсінікпен салмағына, дәрежесіне, жасына қарамай өткізіле берген. Тіпті, ағасы мен інісі күресіп қалатын кезі де болған. Сондай-ақ күрестің белгілі бір жүйеге түскен белдесу ережесі де болмаған. Күреске түскендер үлкен-кішілігіне қарамай, қайсысы күшті болса, сол жеңіске жеткен. Жиын-тойларда ғана күш сынасып қоймай, кім жеңеді деп егеске түскен екі балуан кездескен жерде ат үстінен түсе қалып, белдесе кететін болған. Ел ішінде атақтары жайылған Қажымұқан, Балуан Шолақ, Битабар секілді белді балуандар көп болған.

Жамбы ату – қазақ халқында кең тараған мергендік сынның, ат үстіндегі ойын түрі. Атпен шауып келе жатып жігіттер екпінін бәсеңдетпестен құрулы бақан үстіндегі нысананы атып құлатуға тиіс болған. Ереже бойынша жігіттер сөреде өз сәйгүліктерінің жанында болады. Ойын қазақтың ата тегінен бері келе жатқан, болмаса аңшылық кәсібінен қалған, келе-келе көз ұшындай жерге жамбы тігіп, соны ататын, көңіл көтеретін, бүкіл жұрт болып қызықтайтын ұлттық ойынына айналған. Бұл ойын халықтың ұлттық ерекшелігін көрсетеді. Қазақтар жамбыны ат үстінде тұрып, болмаса шауып келе жатып қана атқан. Төреші белгі берісімен олар аттарын тез ерттеп, шаба жөнеліп, жолындағы нысаналарды атып құлатуға тиісті. Төрешілердің ұйғарымы бойынша, бірнеше нысана болады. Әрбір олимпиялық ойындардан кейін оның бағдарламаларына енген спорт түрлерінің халықаралық бірлестіктері қайта қарап, түзетулер, өзгерістер енгізіп жүр. Қазір уақыт басқа. Қазақ халқының ұлттық спорт түрлерінің ережелерін де қайта қарап, заман талабына сай өзгертуге болады. Мысалы, жамбы ату биатлонның ережесіне сай өзгертуге келеді. Тек шаңғының орнына ат керек. Сонда жаңа спорт түрі жазғы биатлон, «қазақ биатлоны» өмірге келер еді.

Теңге ілу – бозбала мен жігіттердің атпен ойнайтын ойыны. Көбіне қыз ұзату және сүндет той думанында кездеседі. Жігіттің мықтылығы, ат үстіндегі әрекеті, денесін игеруі мен ептілігі сыналады. Теңгені іліп ала алмай, аттан ауып қалып жататындар да көп болады. Кейде бір ауылға келін ұзағырақ жылдардан кейін түсіп, беті ашылғаннан кейінгі сайранда ырым үшін де ойналады.

Сонда жас келін өзінің шолпысын не алқа күмістерін орамалға түйіп, бір қарыстай терең қазылған, қолдың басы ғана сиятын шұңқырға салып қояды. Сәйгүлік мінген жігіттер 100-150 метрдей жерден екпіндете шауып келіп, сол ағынымен шұңқырдағы орамалды іліп әкетуге тиіс. Шұңқыр тұсында іркіліп, тоқтауға не аттың шабысын бәсеңдетуге болмайды. Кімде-кім орамалды іліп әкетсе, оны өзіне тартылған жас келіннің тарту сыйы деп біледі. Оны өзі алып қалмайды, қалаған адамына сыйлайды.

Арқан тартыс – қазақтың ұлттық ойыны. Ойынды жазда көгалды алаңда, спорт залында өткізуге болады. Ойынға ұзындығы 10 метрдей жуан кендір арқан керек. Ол арқанның тең ортасынан орамалмен орап белгі жасайды, белгінің екі жағынан 1,5-2 метрдей жерден тағы да жоғарыдағы тәртіппен белгілейді. Ойынға қатысушылар тең екі топқа бөлінеді. Олардың саны 10-12 адам болуы мүмкін, ойыншылар бойларына қарай сап түзеп тұрады.

Басқарушының берген командасы бойынша қатар сап түзеп тұрған ойыншылар оң жақ шетінен бастап қатар санын «бір, екі, үш», деп сол жақ шетіне дейін санап шығады. Сөйтіп тақ жағы бір бөлек, жұп жағы бір бөлек бөлініп шығады.

Күн ілгері сызып қойған үш сызықтың ортасына арқандағы үш белгінің екі шеткісін дәл келтіріп керіп тұрады да, арқанның шеткі белгісінен бастап ұшына дейін ойыншылар қос қолдап ұстап тартып ұстайды. Содан соң ойын басқарушының берген командасы бойынша екі топ тартысқа түседі. Ойыншылардың мақсаты – тартысқа түскен екі топ бірін-бірі тартып, жердегі орталық сызықтан бұрын сүйретіп өткізіп әкету. Екі топтың қай жағы орталық сызықтан қарсы топты бұрын сүйреп өткізіп әкетсе, сол жағы ұтқан болады.

Осындай білек пен білім, күш пен мінез, төзім мен сабыр сынға түсетін сан түрлі сайыстар арқылы тәрбие мен тағылымды бойына сіңірген жастарымыздың әрдайым алда болары анық.

ЖУРНАЛИСТЕР НАУРЫЗ МЕЙРАМЫН АТАП ӨТТІ

Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесі қарсаңында «Сыр медиа» ЖШС ұжымы атаулы мейрамды лайықты деңгейде атап өтті.

Директордың міндетін атқарушы Марат Аралбаев жиналғандарды мерекемен құттықтады. Серіктестік ұжымы шара барысында ұлттық ойындардан сайысқа түсті. Салт-дәстүрімізді қайта жаңғыртып, жас ұрпаққа үлгі етті.

Ұлттық киім киген журналистер арқан тартыс, қол күрес, кір көтеру мен ләңгі тебу секілді ойындарға белсене қатысты. Атап айтқанда, арқан тартыстан «Ақмешіт жастары» газеті ұжымына ешкім қарсы тұра алған жоқ.

Ал қол күрестен жігіттер арасында «Сыр медиа» ЖШС әкімшілік бөлімінің басшысы Бақытжан Шайхназаров үздік деп танылса, қыздар арасындағы қол күрестен «Кызылординские вести» газетінің тілшісі Перизат Абдулазисова жеңімпаз атанды.

Кір тасын көтеруден «Ақмешіт жастары» газетінің тілшісі Мақсат Қосымбаев үздік нәтиже көрсетсе, ләңгі тебуден «Кызылординские вести» газетінің бас редакторы Жәнібек Исаев қарсыластарын қапы қалдырды. Шара соңында журналистерге ауызашар ұйымдастырылып, бас тағам – наурыз көже ұсынылды.

АҒАЙЫНДЫЛАР ЖҮЛДЕГЕР АТАНДЫ

Елордада самбо күресінен өткен «Sambo liga» турнирінен ағайынды жас спортшылар жүлдемен оралды. Мықтылық пен ептілік сыналатын сайыста Рамазан Кәрімханов II орын, Азамат Кәрімханов III орын иеленді.

Спортшылардың кішісі Рамазан Қызылжарма ауылындағы №144 мектептің 4 сыныбында білім алса, үлкені Азамат «Орда» колледжінде денешынықтыру мамандығында оқиды. Екеуін де самбо күресінен жоғары дәрежедегі жаттықтырушы Әйгерім Жалғасова 5 жасынан бастап спортқа баулыған.

– Самбо көптеген ұлттық күрес түрлерінің әдіс-тәсілі жинақталған спорттың бірі. Мұнда шабуыл жасау мен қорғанудың мыңдаған әдісі бар. Күрестің бұл түріне інім екеуміз бала кезден қызықтық. Алғашында дзюдоға қатысқаныммен, кейін самбомен айналысуды жөн көрдім. Қазіргі уақытта елімізде өтетін чемпионатқа іріктеу жұмыстары жүргізілуде, – деді Азамат Кәрімханов.

Бүгінде ағайындылар ҚР спорт шеберлігіне үміткерлікке құжат тапсырды. Спорт биігіне ұмтылған жастардың бағындырар белесі көп деген сенімдеміз.

ОЛИМПИАДАЛЫҚ САЛМАҚТА ТОП ЖАРДЫ

Сербия астанасы Белградта бокстан дәстүрлі Бранко Пешич мемориалы мәресіне жетті.

Қазақстандық боксшылар 4 алтын, 4 күміс медальмен жалпы есепте бірінші орынға шықты.

Сегіз боксшымыз финалда жұдырықтасып, оның төртеуі қарсыласқа есе жіберген.

Belgrade winner турнирінде жүлдегер атанған Қазақстан боксшылары:

Алтын: Ернұр Қайрат (48 келі), Санжар Тәшкенбай (51 келі), Дәулет Молдашев (54 келі), Диас Молжігітов (75 келі);

Күміс: Сабыржан Аққалықов (71 келі), Ерасыл Жақпеков (80 келі), Данияр Рақымбердиев (92 келі), Олжас Боқаев (+92 келі).

Бетті әзірлеген
Мақсат ҚОСЫМБАЕВ

«Шебердің қолы алтын». Ежелден қолөнершілер түрлі әдіс арқылы көздің жауын алатын әрі тұрмыс-тіршілікке қажет дүниелер жасаған. Ал заманауи қолөнерде дәстүрлі тәсіл, трендтер мен инновацияларды үйлестіру маңызды рөл атқарады.

KILEM ART: КЕСКІНДЕМЕНІҢ КРЕАТИВТІ ҮЛГІСІ

«Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр» күні аясында С.Айтбаев атындағы көркемсурет галереясында Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, креатив-суретші Дәулетбек Тойшыбаевтың «Kilem Art» атты заманауи өнер көрмесінің ашылуы өтті.

Kilem art облыста алғаш рет ұйымдастырылды. Көрмеде кілем бетіне салынған қазақтың белгілі аналары және арулары бейнеленген кілем-картиналар көпшілік назарына ұсынылды. Туындыдағы кейіпкерлердің образдары шынайылығымен ерекшеленеді.

Даулетбек Тойшыбаев – реалист суретшілердің бірі. Декоративті кескіндеменің креативті түрлерімен айналысып, қазақтың тарихи тұлғаларының бейнелерін стринг-арт арқылы суреттейді. Туындыларында тек майлы бояу ғана емес, күріш пен құмды да қолданады. Жұмыс барысында тәжірибе жасағанды жаны сүйеді. Сұхбаттасу барысында қолөнер шебері көрменің ашылуына 2 ай дайындалғанын айтты.

– Көрмеге жалпы 15 жұмыс әзірленді. Көркемсурет галереясының аумағына байланысты көрерменге 12 туынды ұсынылды. Картиналар негізінен арнайы тапсырысқа салынады. Оқырмандармен кері байланыс барысында көрме ұйымдастыру туралы ой келді. Кейін Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы және С.Айтбаев атындағы көркемсурет галереясының ұсынысымен өнер көрмесін өткізу жұмысына кірістік, – деді Дәулетбек Ділдабекұлы.

Қызылорда облысындағы жалғыз көркемсурет галереясы 2014 жылы ашылып, 2019 жылы С.Айтбаевтың есімі берілді. Галерея мамандары суретшілер мен қолөнер шеберлерін қолдау, жұмыстарын насихаттау мақсатында жас таланттармен тығыз байланыста жұмыс істейді.

– Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жас таланттарды қолдау, креативті хаб құру және туындыларды коммерцияландыру бойынша жұмыс жүргізілуде. Көркемсурет галереясында айына 2 мәрте іс-шара ұйымдастырылады. Облыс тұрғындарына жаңа туындыларды таныстырып, мәдени орта қалыптастыруда бұл көрменің маңызы зор, – деді Кенже Ахметова.

С.Айтбаев атындағы көркемсурет галереясының меңгерушісі сәуір, мамыр айында өтетін іс-шараларға да тоқталды. Сәуір айында қолөнерші Қарлығаш Ілиясованың туындыларын таныстыру және сату мақсатында көрме ұйымдастырылады. Ал мамыр айында Қызылорда облысының әкімі және Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен халықаралық симпозиум өткізу жоспарлануда. Сыр елінің тарихын, елеулі оқиғалар мен батырлар ерлігін насихаттау төңірегінде өтетін жиынға 20 суретші қатысады.

Қазақтың жәдігері саналатын кілем арқылы қолөнерді дамыту – тың идея. Креативті индустрия дамуына шығармашылық және мәдени саланың әсер ететіні анық. Осы орайда Сыр өңірінде таланттардың және қолдаушылардың бары қуантады.

Әлия ЖАНАБІЛҚЫЗЫ

ОСКАРДЫҢ БЕДЕЛІ МЕН БИІГІ

Әлемде түрлі өндірістің жүйріктерін ынталандыру үшін марапаттар қарастырылған. Мәселен, ғылым-білім саласының үздіктеріне «Нобель» сыйлығы табысталса, музыкада «Грэмми» сыйлығын алғысы келмейтін жан жоқ. Ал бұл мақаламызда кино өндірісіндегі беделді «Оскар» сыйлығы және биылғы жеңімпаздар туралы айтамыз.

Әйгілі американдық кино өнері академиясы жыл сайын табыстайтын «Оскар» сыйлығын армандамайтын режиссер да, актер да жоқ шығар, сірә. АҚШ-та бұл сыйлық киноматография саласында жыл сайын таңдаулы жандардың еңбегін бағалау үшін табысталады. Биыл салтанатты шара 96-ыншы рет өткізілді. Айтулы марапатты табыстау кеші наурызда, АҚШ-тың қақ төрі Лос-Анджелес, Калифорния штаттарында өтті. Кешті Джимми Киммел төртінші рет өзі тізгіндеді.

Жеңімпаздарды атамас бұрын өткен жылға шолу жасайық. Былтыр «Все везде и сразу» фантастикалық фильмі «Оскар» сыйлығын иеленіп, сонымен қатар кино режиссерлары Дэниел Шайнерт және Дэн Кван жеңімпаз атанды. Ең үздік ер адамның рөлін Брендан Фрайзер (“Кит” фильмі), ең үздік әйел адамның рөлін Мишель Йео (“Все везде и сразу” фильмі) сомдады деп танылып, Оскар сыйлығы табысталды.

«Оскар» сыйлығының басқа кино байқаулардан ерекшелігі, арнайы қазылардың шешімімен емес, академия мүшелерінің жалпылама дауыс беру қорытындысы бойынша жеңімпаздарды марапаттайды. Ал академия құрамына 6 мыңнан астам адам кіреді. Жүлде 1929 жылдан бастап табысталып, ондаған арнадан тікелей эфирде көрсетіледі. 24 негізгі, 4 арнайы номинациясы бар. Осы күнге дейін шет тіліндегі үздік фильм үшін жүлдеге үміткерлікке Қазақстаннан тек бір кино ұсынылған.

Адамның сұлбасындағы мүсіннің жалпы салмағы – 3,85 келі, ұзындығы – 34 см. «Оскардың» бейнесін Седрик Гиббонс зерігіп отырып ойлап тапқан деседі. Салтанатты жиында жүлдеге үміткер фильм актерлары, сондай-ақ жүлдызды жұптар бірге отырады. Бір қызығы, «Оскар» тарихында 22 рет жеңімпаз атанған адам – Уолт Дисней. Билли Айлиш есімді 22 жастағы әнші тарихта ең жас лауреат деп танылған. Салтанатты кешті жұлдыздар дизайнерлік киімдермен әрлеп, қызыл кілем үстімен жүріп өтеді. Бұл «Оскардың» бұлжымас заңдылығына айналып кеткендей.

Кейінгі жылдары «Оскар» сыйлығын іш пыстырарлық деп танитындар көбейді. Соның әсерінен марапатты кештің танымалдылығы да азая түскен. Бұрын тікелей эфирдегі көрсетілімін тағатсыз күтіп, жұлдыздармен бірге жеңіске жар сала қуанса, қазір бұл үрдістің болғанын көпшілік біле де бермейді. Өкініштісі де сол.

Биылғы жылдың басты назарында болған «Оскар» сыйлығының 7 мәрте жеңімпазы «Оппенгеймер» фильмі. Көпшіліктің пікірі бойынша «Барби» фильмі үздік деген пайымдаулар болды. Алайда әлі кинопрокатқа шықпаған фильм неліктен топ жарды? Қалың жұрт әділ бағасын қандай критерийлер бойынша бергенін де білмей аң-таң. Ал «Барби» фильмі көрсетілім кезінде асығы алшысынан түскенімен, сыйлық алар сәтте тек бір номинациямен шектеліп қалғаны түсініксіз.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде орын алған жайттарды суреттейтін «Оппенгеймер» көркем туындысы атом бомбасын ойлап тапқан Роберт Оппенгеймердің өмірімен ұштасып жатыр. Бұл фильмде атом қаруының қалай ойлап табылғаны, дамуы туралы суреттеген. Басты рөлді Киллиан Мерфи сомдап, «ең үздік ер адамның рөлі» номианациясы бойынша «Оскар» сыйлығын жеңіп алды. Сондай-ақ фильм тағы 6 номинация бойынша «Оскар» сыйлығын еншілеп, үздік фильм, үздік режиссура іспеттес басты марапаттарды иеленді.

Нұршат НЫШАНОВА

85 ЖАСТАҒЫ ЕТІКШІ

Есіл уақытын етік тігуге жұмсап, машақатына мазасызданбау нағыз шебердің ісі. Кетеуі кеткен аяқ киімді келісті етіп, жыртығын жамап, түскен табанын тастай бекітіп береді. Көз майын тауысатын көне кәсіпке шыдам мен төзім керек-ақ. 85 жастағы Қорабай Телеуов есімді қария қолынан біз бен балғасын әлі тастамады. Ол – Арал ауданы Қызылжар ауылындағы жалғыз етікші.

– Әскерде жүргеннен етік тіге бастадым. Кейін Қазалы ауданына қарасты балық зауытында 2 жыл жұмыс істедім. Негізі адам еріккеннен етік тікпейтіні рас. Тебеннен теңге табудан бұрын, етік тігуге талпынысым мен қызығушылығым зор болды. Өйткені мұның өзі өнер. Осылайша Арал ауданына қайтып, тігін фабрикасына орналастым. Зейнетке шыққанша қызметтен табан аудармай, енді міне зейнеттен кейін де кәсіптен қол үзбедім, – дейді Қорабай ақсақал.

Иә, етік тігу білгенге маржан, білмеске арзан көрінеді. Бәтеңке бауына, ұлтараққа да ұқыппен қарайтын етікшінің көмегіне жүгінетіндер аз емес. Өйткені жарамсыздың өзін қайта тігіп беруге қауқары жетеді. Дүңгіршекте құрал-сайманын түгендеп отыратын етікшілердің еңбегі зор-ақ. Соған қарамастан жауырыны еңкіш тартып, қолынан қайрат кететіні бірен-саран. Тапсырыс болса таңнан кешке дейін жұмыс істеуге бар. Бір қызығы, режим қалыптасқан қызмет болмаса да олар кәсібіне адал.

Егде жасқа келсе де еңбектен алыс кетпеген Қорабай қарияның шәкірттері бар. Оның шеберханасы – үйі. Шаңырағыңа келгеннің бәріне етік тігудің қыр-сырын тәптіштеп түсіндіреді екен. Жастардың атаны қаумалап, кеңесіне құлақ түретіні содан.

– Осы ауылдың қызы болғандықтан, бала күнімізден атаның етік тігетінінен хабардар болдық. Бүгінде ақ босағадан аттап, келін атанғанымa 17 жыл болыпты. Үйімізге етік тіктіру үшін ат басын бұратындар аз емес. Атамның жұмысына шағым айтып, ешкім етігін қайтарып әкелген жоқ. Бәлкім, атаның ыждағаттылықпен қарайтыны болар, көбі алғысын жаудырады. Қазір жолдасым Жаңаберген әкесінің ізін жалғап, кәсібін дөңгелетіп отыр. Атам сеніммен тапсырды. Бір емес үш тігін машинасымен, кейде өз қолымен етік тігеді. Алдағы уақытта жеке шеберхана ашып, атамыздың аманатын абыроймен арқаламақпыз, – дейді келіні Бақытжамал.

Қол қусырып қарап отырмайтын қария қыстығүні киетін етікке тапсырыс қабылдайды. Материалды арнайы Астанадан алдыртады екен. Тіпті кейде шаңырақтағы ұлы мен келіні өздері барып, сапалы материалды қарияға әкеп береді. Тұрғындарды қалаға жүгіртпей-ақ, ауыл-аймақтың сұранысын қамтамасыз ету оңай емес. Ал Қорабай атаның іске ептілігі отбасылық кәсіпке айналғаны қуантады. Әлбетте бұл – етікші ескірген мамандық деген қасаң көзқарасты жоюға дәлел.

Замира ҚОНЫСЖАН

МУЛЬТФИЛЬМ – МӘҢГІЛІК МЕЙІРІМ ӘЛЕМІ

Мультфильм – таңғажайып оқиға мен сиқырға толы сюжет арқылы өмірдің мәнін бейнелейтін туынды. Аты жеңіл болғанымен, заты ауыр жанр. 2023 жыл көрермен үшін «Өрмекші адам: ғаламдар торы» картинасымен есте қалды. Ал биыл анимация саласы үшін жаңғыру жылы болмақ. Не үшін? Бірге қарастырайық.

Жаңғыру жылына оралсақ. 2024 жылы жарыққа шығатын мультфильмдердің бір қатары сиквел, франшиза ретінде шығарылуда. Мәселен, балалық шақтың ескі туындысына айналған «Шрек» мультфильмі экранға қайта оралады. 23 жыл тарихы бар франшизаның қорында төрт толықметражды жоба және көптеген спин-офф бар. Соңғы бөлімі «Шрек мәңгілік» 2010 жылы кинотеатрларға шықты. Сол аралықтан бері мультфильм классикаға айналды. «Шрек» картинасының бесінші бөлімінің сюжеті әлі күнге дейін жұмбақ. Көрермендер бұрынғы бөлімдердегі сүйікті кейіпкерлері: Шрек, Фиона, есек және етік киген мысықты қайта көретіні белгілі. Бастысы, көрсетілімге осы жылы беріледі.

Нью-Йорк қаласында орналасқан хайуанаттар бағындағы төрт жануармен таныстырған «Мадагаскар» естеріңізде ме? DreamWorks Animation SKG студиясы бұл мультфильмнің тарихын 2005 жылы бастады. Глория, Мелман, Марти мен Алекстің шытырман оқиғаларын қайта көргісі келмейтін кім бар? Франшизаның соңғы бөлімі «Мадагаскар 3» 2012 жылы шықты. Көрерменді сағындырып, 12 жылдан соң авторлар «Мадагаскар 4» шығаруды қолға алды. Алайда нақты уақыты әлі жарияланбады.

Тізімдегі мультикартиналардың ішінде жарыққа шыққан, жаңғыру кезеңінен өткен, кунг-фу шеберінің өмірін баяндайтын «Кунг-фу Панда» мультфиліміне де кезек келді. 2008 жылы DreamWorks Animation студиясы құрған мультикартинаның төртінші бөлімі 8 наурыздан бастап үлкен экранда көрсетілуде. Әлеуметтік желіде көрерменнің пікірі екіге бөлінді. Бірі балалық шақтағы кейіпкерлермен қауышқанына қуанса, бірі мультфильмнің құндылығы, ерекшелігі жоғалғанын айтуда. Сюжет бойынша айдаһар жауынгері болған Поның сапары аяқталады. Мультфильмде Чжэн, Хамелеон сынды жаңа кейіпкерлермен қатар 16 жыл бұрын Помен күрескен Тай Лунг та бой көрсетеді.

Сиквел картиналардың бірі – «Басқатырғыш 2». Disney және Pixar студияларының бірлескен жұмысының нәтижесінде 2015 жылы «Басқатырғыш» комедия-драмалық мультфильмі жарыққа шықты. Алғашқы бөлімі әлемдік сыншылардың бағалауымен 8,9 ұпай жинады және 10-нан астам марапат иеленді. Көрерменнің жүрегінен орын алған туындының сиквелі арада 9 жыл өткеннен кейін түсірілді. «Басқатырғыш 2» мультфильмінің сюжетінде басты кейіпкер Райлидің өміріндегі жаңа қиындықтар, жаңа эмоциялар туралы көрсетіледі. Картинаның режиссері Келси Манның айтуынша, екінші бөлім жасөспірімдердің өмірінде кездесетін өтпелі кезең тақырыбына арналған. Ал премьерасы 2024 жылдың 14 маусымында өтеді.

Күз айының қоңыр салқын райында Walt Disney Animation студиясы бізді Тынық мұхитындағы қызықты сюжеттермен қайта байланыстыруды көздеуде. Мультфильмнің басты кейіпкері Моанамен көрермен 2016 жылы таныстты. Жағымды мелодиясы, шытырманға толы сюжетімен есте қалды. «Моана 2» картинасында басты кейіпкер ата-бабаларынан жұмбақ хабар алады, келесі сюжет осы хабар аясында өрбиді. Айта кетейік, кіші Дэйв Деррик режиссерлік еткен туындыны 27 қарашадан бастап тамашалай аласыз.

Сіздерге ұсынатын мультфильмдер тізімі осындай. Балалық шақты еске түсіретін мультикартиналардың жаңа бөлімдері жарыққа шығып, жаңғыруы кез келген көрерменді қуантарына күмәніміз жоқ.

Әлия ТӘЖІБАЙ

ЖҰМЫСЫН ТОҚТАТАДЫ

“К-Орда Лидер” ЖШС (БСН 151 240 004 547) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Барлық талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Ақмешіт м/а, 18/86.

Ақмешіт жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №KZ 32VPY00086947 куәлігі 02.02.2024 жылы қайта берілген.
«Ақмешіт жастары» республикалық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОРДЫҢ МІНДЕТІН АТҚАРУШЫ Марат АРАЛБАЕВ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР Айдар САЙЛАУОВ

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit-zhastary.kz

Кезекші редактор: Аружан Оралбай

Таралымы: 7123
Тапсырыс: 466